Жас ұрпақ тәрбиесі заңдылықтың қозғаушы күші 10

Учеба и трудоустройство цементников 18

Халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз 22

AUEZOV UNIVERSITY 1943

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

# Университет

№4 (210), маусым, 2022 ж.

## Auezov University: ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ!

Сіздерді Auezov University-нің әлемнің ең үздік 1422 жоғары оқу орындарының арасында QS World University Ranking ТОП-450-ге енуімен құттықтаймын!

Бұл М. Әуезов атындағы ОҚУ үшін үлкен жетістік! Біз бұл биік мақсатқа он жылдан астам уақыт бойы қадам басып келеміз.

Бұл университеттің ең жарқын серпінді дамуы, оның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, зерттеу университетіне айналу жолында білім мен ғылымның жаңа сапасына көшу көрсеткіші.

Бұл жеңістің лайықты жалғасы болатынына және алдағы уақытта QS рейтингіндегі позициямыз тек нығая түсетініне сенімдімін.

Университеттің дамуына қосқан үлестеріңіз үшін баршаңызға алғыс айтамын!

**Басқарма Төрағасы-Ректор,**
**Д.П. Кожамжарова**




## Auezov University: ПРОРЫВ ГОДА!

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Поздравляю Вас с вхождением Auezov University в ТОП - 450 QS World University Ranking среди лучших 1422 вузов мира!

Это большое достижение для ЮКУ им. М.Ауэзова!

Мы шли к этой амбициозной цели больше десяти лет.Это самое яркое динамичное развитие университета, показатель повышения его глобальной конкурентоспособности, перехода к новому качеству образования и науки на пути к трансформации в исследовательский университет.

Убеждена, что это победа будет иметь достойное продолжение и наши позиции в рейтинге QS будут только укрепляться.

Благодарю всех за вклад в развитие университета!

**Председатель Правления-Ректор,**
**Д.П.Кожамжарова**

# «QAZAQTANÝ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛДЫҢ 2 (14) 06 2022 САНЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Құрметті әріптестер және авторлық ұжымдар! «Тарих және этнология» ғылыми орталығы және «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналдың редакциялық алқасы сіздерге ғылыми және әріптестік ынтымақтастықта жұмыс жасаған үшін ризашылығын білдіре отырып, мерзімді баспасөз ретінде жылдың әр тоқсанында жарияланатын ғылыми басылым «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналдың 2022 жылы 20 маусымда 2 (14) 06 2022 саны жарыққа шыққаны туралы хабарлайды. Сонымен қатар, ғылыми басылымның электрондық нұсқасын - PDF форматын сіздердің электрондық пошталарыңызға жіберілді, барлық ғылыми ізденістегі қауымға төмендегі сілтеме арқылы ғылыми басылымды көрілеруіңізге болады. журналға сілтеме https://elibrary.ru/contents.asp?id=48678963




# «ЗЕЛЁНАЯ ХИМИЯ-2022» День 2

## Дневник Международной летней школы




08.06.2022г. в 15:00, директор НИИ «Инновационные технологии», Кыргызко-Узбекский международный университет им. Б.Сыдыкова, д.б.н., профессор, Самиева Жыргал Токтогуловна прочитала лекцию в Международной Летней школе «ЗЕЛЕНАЯ ХИМИЯ - 2022» по теме: Предмет и задачи биохимии. Общие представления о биомолекулах. Химическая эволюция. Углеводы.

08.06.2022г. в 16:00, директор НИИ «Инновационные технологии», Кыргызко-Узбекский международный университет им. Б.Сыдыкова, д.б.н., профессор, Самиева Жыргал Токтогуловна прочитала лекцию в Международной Летней школе «ЗЕЛЕНАЯ ХИМИЯ - 2022» по теме: Экологическая биохимия. Биохимические аспекты взаимодействия человека с окружающей средой. Специфические стороны воздействия факторов окружающей среды на организм.

Лекция была посвящена Экологической биохимии, которая изучает физико-химические реакции организма в ответ на любые воздействия окружающей среды. Были рассмотрены биохимические аспекты взаимодействия человека с окружающей средой и специфические стороны воздействия факторов окружающей среды на организм.



# Мониторинговая группа: цель обеспечение открытости и прозрачности



В ЮКУ имени М.Ауэзова соблюдение принципов открытости, академической честности при сдаче летней сессии, комплексного экзамена, предзащите дипломных работ и магистерских диссертаций на контроле мониторинговой группы





# В городе Шымкент стартовал Референдум по поправкам в Конституцию в 311 избирательных участках, из них - 2 участка находятся в ЮКУ им. М. Ауэзова

В городе Шымкент стартовал Референдум по поправкам в Конститутцию в 311 избирательных участках, из них - 2 участка находятся в ЮКУ им. М. Ауэзова: участок №101 (1345 избирателей), №86 - 2329 избирателей.

Более 20 тысяч студентов, достигших 18-летнего возраста, после окончания летней экзаменационной сессии, выехали в свои регионы и на местах участвуют в Референдуме. ЮКУ им. М. Ауэзова (коллектив, молодежь) сделали свой выбор, проявляя активную гражданскую позицию. В рамках предстоящего Референдума университет посетили ряд депутатов Парламента, общественные деятели, представители местных исполнительных органов, которые провели встречи и рассказали о принимаемых Конституционных изменениях. По нашим наблюдениям наибольшая часть молодежи вуза поддерживает поправки в Конституцию, такие как:






1. Право на Землю и ее природные ресурсы
2. Отмена смертной казни
3. Право на свободу труда и выбора рода деятельности

Одними из первых сделали свой выбор среди избирателей ветераны труда Пернебек Калыбай, Медеуов Шерим Медеуович, Кулмажитов Шаки Нуртаевич, Джамал Джаманкозова на избирательном участке №101, расположенном в здании ЮКУ имени М. Ауэзова. Делая сегодня свой выбор, я думаю, что каждый гражданин положительно повлияет на судьбу нашей страны, строя Новый Казахстан.

# «Ақ Жайықтың ақ шағаласы» ақын Ақұштап Бақтыгерееевамен кездесу




2022 жылдың 16 мамырында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халықаралық «Алаш» сыйлығының, «Құрмет», «Отан» ордендерінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ақ Жайықтың ақ шағаласы» атанған ақын Ақұштап Бақтыгерееевамен кездесу өтті. Ұлттық поэзияны «Өрімтал», «Наз», «Қуанышым іңкәрім», «Сені ойлаймын», «Ақ қанат», «Бақыт әні», «Жайық қызы», «Белокрылая», «Ақжелең», «Сүмбіле», «Ақ шағала» сынды жыр жинақтарымен байытқан Ақұштап Бақтыгереева – қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, көптеген жыр жинақтарының авторы. Әдеби-сазды кешті М.Әуезов атындағы ОҚУ басқарма Төрағасы-Ректор Д.П.Қожамжарова сөз сөйлеп, ақынның өлеңінен үзінділер оқыды.

Кездесуде ақын шығармашылығына баяндама жасалып, өлеңдерін студенттер жатқа оқыды. Журналистика мамандығының студенттері ақынмен сырласа отырып, арнайы әзірленген сұқбаты экраннан көрсетілді. Ақынның сөзіне жазылған әндерді болашақ журналист студенттер әуелете орындап, жастық шақтың кезінен сахналық қойылым көрсетті. Сөз соңында ақын ұйымдыстырылған іс-шара үшін оқу орны басшылығына алғысын білдірді. «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған ақын ұлттық құндылықты қастерлеу, ұрпақ тәрбиесі мен ананың қоғамдағы рөлі жайлы өлеңдерін оқып, қонақтармен ой бөлісіп, студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді. Кездесу соңында ақын А.Бақтыгереева университет ректоры мен студенттеріне жыр жинағын сыйлап, қолтаңба жазып берді. Әдеби-сазды кездесу қызықты, әрі әсерлі өтті. __



# ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЫҚПАЛДЫ МАМАНДЫҚТАР

Мамандық – жауапкершілікті талап ететін қызмет.  Қарыштап дамып жатқан елдерге қызыға да, қызғана да қараймыз. Олардың жеткен жетістіктерін айтып, таңдай қағамыз. Ендеше, біздің елге де алға жылжу үшін, даму үшін білікті мамандар мен үздіктер қатарында жүрген мамандықтардың шаңын қағу керек.



**Мамандық** – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді. Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі. Болашақтың заманауи мамандықтары - бұл келешекте ең қажетті, ең табысты деп саналатын мамандықтар ОҚУ-да бар.

Қожамжарова Дария Пернешқызы басшылық ететін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуіне әрдайым жаңа идеялар шығаратын белсенді жастардың заманауи білім ордасы.Университетімізде даярланатын мамандықтар саны да жыл сайын көбейіп келеді.Білім беру, гуманитарлық ғылымдар,өнер,әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес,жаратылыстану ғылымдары,техникалық және технология ғылымдары,қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы салалары бойынша бұл күнде 100-ге жуық мамандық бойынша студенттеріміз білім алуда.Олардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті, білімді,жан-жақты дамыған маман болып шығуы үшін қазіргі уақытта университетімізде барлық жағдайлар жасалған.Біздің Тауке-хан даңғылы бойындағы Бас ғимаратында, №3,4 ғимараттарында, Ғ.Ілиев көшесіндегі №1,2,5 ғимараттарында,  сонымен қатар «Д.А.Қонаев» даңғылы бойындағы №8 ғимаратында, А.Байтурсынов көшесіндегі №7 ғимаратында, М.Дулати көшесіндегі №9 ғимаратында студенттерге қажетті оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етуге арналған оқу залы мен кітапхана жұмыс жасайды.    Материалдық-техникалық база заманауи ақпараттық-технология құралдары, робот техника орталықтары,   интерактивті тақта құралдары,көптеген заманауи компьютер сыныптары мен мультимедиялық бөлмелермен жабдықталған.Студенттердің ғаламтормен емін-еркін ғылыми-шығармашылық жұмыс істеуі үшін барлық жағдайы жасалған. Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, университет білім беру қызметкерлерінің сапасын жақсарту бойынша үнемі жұмыс жасайды. 2018-2019 оқу жылында Тәуелсіз Қазақстандық білім беру сапасын қамтамасыз ету агенттігі өткізген Қазақстандағы ең үздік көпсалалы университеттердің бас рейтингісінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті республиканың үздік үш жоғары оқу орындарының қатарына кіріп, 1орын-34 мамандық бойынша, 2 орын-35 мамандық бойынша және 3орын-15 мамандық бойынша алды. Әлем бойынша 500 –дікке енген.  Оқу жылы ішінде университет оқу процесі мен жұмыс берушілер оқытушыларының, студенттерінің әлеуметтік сауалнамаларына үнемі мониторинг жүргізіп отырады.  ОҚУ-дің мониторинг бөлімінің мамандары үнемі қауырт жұмыс үстінде жүреді, өйткені аталған бөлім студенттердің оқу үлгерім сапасын бақылаумен бірге, профессор-оқытушылардың да  жыл бойғы атқарған жұмыстарының рейтингісін шығарады.

Алдағы кезде ОҚУ-да мына мамандықтарға ерекше назар аударылуда «Виртуалды ұстаз» - бұл мамандық иегерлері қазіргі уақытта да кездеседі. Келешекте біздің түсінігіміздегі университеттер, мектептерде виртуалды яғни, компьютер көмегімен білім беру.

«Инженерия» - кез келген елдегі тапшы мамандықтардың бірі. Білікті әрі білімді мамандардың көмегімен құрылыс-индустриясы және өнімнің автоматтандырылған деңгейі артады. Қандай жағдай болмасын, елде дағдарыс бола қалған күннің өзінде инженерлердің сұраныста болатыны анық. XXI ғасырдағы инженерлерге қойылатын қос бірдей талап бар: бірі – ағылшын тілін жетік меңгеру, екіншісі – жаңа технология тілін жетік түсіну.

**«Информатика, IT және робот техника,  мехатроника саласы»** - жасанды сананың дамуы, жаңа технологияның үлкен құбылыс жасауы адамзат тарихындағы жеңіс. Осы жеңісті жетілдіру жолында нағыз IT-мамандары робот техника,  мехатроникамамандары керек-ақ. Әлемде қазір IT және робот техника,  мехатроникасаласы бойынша ОҚМУ-да арнайы орталықтар бар.Робот техниканы құрастыру мен 3D компьютерлік дизайн жасау оңай емес. Алайда оның күрделі функцияларын атқару, дамыту, ерекшелеу секілді тектерін меңгеру басқа әңгіме. Алайда біздің ОҚУ-дің білімді жастары **«Информатика, IT және робот техника, мехатроника** саласында ең үздіктер қатарында. Ендеше, бүгін және ертең жойылып кетпейтін мамандық осы «Информатика, **IT және робот техника, мехатроника саласы.**

«Химия және энергетика саласы» - табиғи байлықты сақтау, ол арқылы елдің экономикасына мол қаржы әкелу химиктер мен энергетика саласын меңгерген мамандардың қызметі. Жердің табиғи электр қуаты да таусылады. Сол үшін қазір мамандар күннен барынша мол энергия көзін алу жолын іздестіріп жатыр. Күннен энергия алу дәуірі басталып кеткенімен, оны зерттеу мен болашақта кәсіп ретінде жүргізу әлі айқындалған жоқ.Химия саласын зерттеуде үлкен жетістіктер болғанымен, білікті мамандардың да орны әлі жетіспейді. Қоспалар арқылы адамзатқа пайдалы нәрселерді дүниеге әкелу (мәселен ракты емдеу жолдары, қазба байлықты түрлі жолдармен алу) оңай шаруа емес.

Кәсіби білікті, жоғары білімді, заманға лайықты бәсекеге сай жеке тұлғаны қалыптастыруды алдына мақсат етіп қойған М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің студенті болуға асығыңыздар.

Құрметті, Талапкерлер -2022! Сондықтан біздің заманауи оқу орнымызға оқуға шақырамыз.

**Ақпараттық технологиялар және энергетика Жоғары мектебі, Ақпараттық коммуникациялық технологиялар кафедрасының аға оқытушылары Колбоев Болат Рахметович, Самбетова Раушан Ахметовна, Назарова Айнур Сериковна.**

# Жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру – «Жаңа кезеңдегі» білім берудің өзекті

Адамгершілік тәрбиесі – жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік – қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс. Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті - өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.



Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан –ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан - жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Оқушы бойындағы мейірімділік, шыншылдық, адалдық, тұрақтылық сияқты рухани қасиеттерді қалыптастыра отырып жұмыстану, өзін-өзі басқаруына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлу, өз ортасында еркін сөйлеп, өз ойын еркін айта алатын дарынды, қабілетті ұл-қыз тәрбиелеу мақсатында рухани-адамгершілік білім- баланың, жеткіншектің бойына өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялатты. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.




**Техникалық мамандықтар бойынша шет тілі кафедрасының аға оқытушылары: Кудасбекова А.Б., Мамбетова Г.Т.**

# ЖАС ТҮЛЕК - БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ ЖАСА!

Қазіргі уақытта көптеген кәсіптер бар, олардың тізімі үнемі толықтырылып отырады. Мұндай алуан түрлілікте адамның еңбек нарығындағы өз орнын анықтау қиын. Оның нақты немен айналысқанды ұнататынын, осы қызметке қабілеті, дарыны, белгілі бір жеке және іскерлік қасиеттері бар-жоғын түсіну маңызды. Көбінесе бізге сән, ата-ананың тәлімгерлігімен белгіленген мамандықты таңдаймыз, кездейсоқ таңдау жасаймыз. Біраз уақыт өткеннен кейін біз өз қызметімізде табысқа жете алмайтынымызды түсінеміз, ол бізге ұнамайды, қызық емес. Мұндай жағдайда адам өзін ұнатпайтын іспен айналысуға мәжбүрлейді, бұл өзіне де, ұйымға да, тұтастай елге де пайда келтірмейді, немесе кәсібін ауыстыруға шешім қабылдайды және жұмыссыздар қатарын толықтырады, көбінесе түрлі қызмет түрлерінен қайтадан айрылады. Кәсіби бағдар халыққа «өз ісін» таңдауға көмектеседі, сол арқылы оның белгісіздігі мен жұмыссыздығын болдырмайды.



Еңбек нарығының өмір сүруінің мақсаты бір-біріне сәйкес келетін жұмыскерлер мен жұмыс орнын іздеу болып табылатыны белгілі. Біріншісі өзіне лайықты лауазым, ұйым, еңбек жағдайын іздейді. Жұмыс беруші өз ұйымына қажетті қызметкерді табу мақсатында жұмыс орнын ұсынады. Кәсіпорындар кәсіпорынның дамуына үлкен үлес қосуға қабілетті жас, белсенді, перспективалы және талантты мамандарды іздестіруде. Адам өз мүмкіндіктерін іске асыруды қажет етеді, ал кәсіпорын қызметкерлерсіз өмір сүре алмайды. Еңбек нарығы олардың әрқайсысының қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік береді. Кәсіби бағдарлау адам үшін - қызметті, жұмыс орнын таңдау, ұйымдастыру үшін - қажетті білімі, дағдысы, сапасы бар қызметкерлерді іздеу мен іріктеуді оңайлатады.

Мамандық таңдау - бұл ойланып қарауға тұрарлық айтарлықтай маңызды мәселе. Біріншіден, өздерінің жеке мүдделерін ескеру керек. Екіншіден, өз қабілеттерін бағалау. Үшіншіден, өзінің тұлғалық қасиеттерінің таңдаған мамандығы қажет ететін қасиеттерге сәйкестігін талдау. Төртіншіден, қандай да бір мамандық беретін ықтимал өмірлік перспективаларды зерделеу.

Қазіргі уақытта 40 мыңнан астам кәсіп бар және жыл сайын тағы да 500-ден астам жаңа кәсіп дүниеге келеді, оның үстіне ескі мамандықтардың табиғи жойылуы жаңалар пайда болғаннан гөрі баяу жүреді. Сонымен қатар, көптеген зерттеулердің нәтижелері өз қасиеттері бойынша мамандық талаптарына сай келетін қызметкерлердің еңбек өнімділігі орта есеппен осындай талаптарға сай келмейтіндерге қарағанда 20-40% -ға жоғары, ал жұмыс орнын өзгертетін қызметкерлердің шамамен 40% -ы оны қабілеті бойынша таңдамағандар екенін көрсетеді.

Экономикалық мамандығына түсуге ниетті жоғары сынып оқушысы қай жоғары оқу орындарында экономика оқытатынын, талапкерлерге қандай талаптар қойылатынын, өту балы қандай екенін алдын ала білуі керек. Ең көп ақпарат алған соң жас түлекке ҰБТ тапсырып, өз мақсатына қарай жылжу оңай болады.

Экономикалық мамандықтарға, мысалы, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Басқару және бизнес» жоғары мектебіне құжат тапсырар алдында экономист кім екенін және оның нақты немен айналысатынын өзі үшін анықтау қажет.

Экономист - компанияның, өңірдің, елдің, тіпті әлемнің экономикалық және қаржылық қызметін зерттейтін кәсіби маман. Ол ұйымның қаржы-экономикалық қызметін тиімді сүйемелдеуді ұсынады, пайдалы жұмыс және шығындарды азайту үшін оның даму жоспарын айқындайды, болашаққа болжамдар жасайды. «Экономист» мамандығы түрлі мамандықтармен сабақтас болып табылады: неғұрлым шығармашыл адамдар маркетингке, неғұрлым ұтымды адамдар - салық салу саласына кетеді. Дипломды маман: қаржыгер, аудитор, еңбек сарапшысы, талдаушы, бухгалтер және т.б. бола алады. Экономист шағын немесе ірі компанияда, банкте, сауда алаңында, мәдени немесе білім беру мекемесінде жұмыс істей алады.

Әркім экономист бола алмайды - ол үшін белгілі бір сипатқа ие болу және нақты дағдыларды меңгеру қажет. Болашақ маман:

- оқу және еңбек қызметі кезінде компьютерде көп жұмыс істеу керек;
- экономистің қызметі санмен, есептеулермен тығыз байланысты - қателіктер мен жақындыққа жол берілмейді;
- аналитикалық ақыл-ойға ие болу;
- үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуді қалау және білу, дағдыдан қорықпау;
- математиканы «өте жақсы», экономикалық теорияны, статистиканы білу;
- жұмысқа қабілетті болуға және жалқаулыққа жол бермеу;
- стандартты емес ойлай білу, шаблонсыз шешімдер ұсына білу;
- тәжірибелі компьютерлік пайдаланушы болуға, атап айтқанда, 1С және Excel сияқты бағдарламаларды білуге;
- кем дегенде бір шет тілін (ағылшын) білу.

Экономикалық мамандықтарда оқу оңай емес, бірақ өте қызықты. Мысалы, «Басқару және бизнес» жоғары мектебінде «Экономика» бағытында көптеген пән оқытылады, олардың ішінде макро және микроэкономика, бухгалтерлік есеп, маркетинг, менеджмент, халықаралық сауда және т.б. бар. Оқу процесінде студенттер республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады, тіпті жұмысқа біртіндеп «қосыла» отырып, өз еңбектерін жариялайды. Одан басқа жылсайын өтетін Бірінші Президент фондының студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық Байқауына, түрлі олимпиадаларға қатысып, креативті командамен жұмыс істеуге бейімделеді.

«Басқару және бизнес» жоғары мектебінде оқыту - елеулі пәндерді терең зерделеу, қызықты адамдармен, пікірлестермен танысу және болашақта тұрақты және жоғары ақылы жұмыс табу, тұрақты кәсіби дамып, мансаптық баспалдақпен көтерілу мүмкіндігі молшылық.

Болашақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру – бүгінгі таңда тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Құрметті жас түлектер, біздің болашағымыз – сіздерсіздер! Болашақта Сіздер әр саланың бір жетекші маманы болып қызмет жасап жүретіндеріңе сенімдіміз. Біздің мемлекетіміздің қарыштап дамуы үшін дарынды жастар керек. Сіздердің де араларыңнан ел тізгінін ұстайтын азамат шығып жатса, нұр үстіне нұр болады. Күрделі де, сан соқпақты жолдары бар өмірде әлсіздерге орын жоқ. Сондықтан еңбек етіп, ел танып, сауатыңды ашуды өмірлік міндет деп санаңыздар! Өмірлік бағыт-бағдарларыңызды дұрыстап түзеп алыңыздар да, болашаққа нық қадам баса қойыңыздар!

Біздің М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Басқару және бизнес» жоғары мектебі халықаралық стандарттарға сәйкес оқыта отырып, жастардың жан-жақты кәсіби дамуына барлық жағдай жасайды. Біздің басты міндетіміз - мақсатты жастарға сапалы білім мен нақты бағыт беру! Жалпы жастарды мамандықты саналы таңдауға дайындау – үлкен әлеуметтік – психологиялық мәні бар сұрақтардың бірі. Мамандықты дұрыс таңдау кәсіби өзіндік анықталудың нәтижесі болып табылады.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ,**
**«Басқару және бизнес» жоғары мектебі,**
**«Экономикалық теория» кафедрасының**
**э.ғ.к., доцент А.У.Абишова,**
**аға оқытушы Б.І.Оспан.**



# Рухани жаңғыру: Сананың ашықтығы

Батыс мәдениеті әкелген «толеранттылық» немесе сананың ашықтығы идеясы қазақ елі үшін өте өзекті болып отыр. Өйткені көптеген ұлттар мен ұлыстар жиналған қауым өзгенің мәдениетін менсінбеуі мүмкін емес. Елдердің аралас-құраластығы олардың арасында экономикалық қатынастарды ғана емес, мәдени, рухани байланыстарды да күшейте түседі.

Қазіргі уақытта бүкіл әлем толеранттылыққа тәрбиеленіп жатқандай. Жаңадан өсіп келе жатқан ұрпақтың санасында кертартпалыққа қарағанда, өзгенің мәдениетіне қызығушылығы әлдеқайда жоғары, саяхаттауға құштар. Өзге елдің салт-дәстүрі мен мәдениетін, табиғаты мен географиясын білгісі, көргісі келеді.

Бүкіләлемдік толеранттылық ағылшын тілінің әмбебап тіл болып қалыптасуына әсер етті. Егер әлем халықтары толеранттылыққа тәрбиеленбегенде, ағылшын тілінің де үрдіс алуы қиындау болар еді. Елбасы мақаласында қарастырылған «сананың ашықтығы» ұғымының үш белгісі аталады. Оның бірі өзге мәдениетті игеру, көру, түсіну болса, екіншісі жаңа заман ағымына бейімделу, түбегейлі өзгерістерге бой үйрету, үшіншісі озық мәдени жетістіктерді үйрену, меңгеру.

Адамның оқып білгенге, естіп түсінгеніне қарағанда, көріп түсінген әлдеқайда әсерлі болмақ. «Көп көрген – көреген» дейді мұндайда халқымыз. «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра» деген мәтелдің астарында көзбен көріп, көңілге түйгеннің зердесі әлдеқайда зейінді екенін меңзейді. Сондықтан көбірек көруге, қызықтап қайтуға тырысқан игілік болмақ. Көп көргеннің таным көкжиегі кең болады. Көкжиегі кең тұлға алыстан байыптап, ұзақтан ойланатын болады. Мұны Н.Ә. Назарбаев мақалада айтылған ойымен сабақтауға болады: «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.



**Д.О.Төребек., Г.А. Кошкарова**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ**
**«Техникалық мамандықтар бойынша шет тілі»**
**кафедрасы, Шымкент.**

Рухани – адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына сіңірер өмірдің мәні. Сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет – дарынының ашыла түсуіне, ақыл – парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

# Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Рухани – адамгершілік тәрбиесі – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға «рухани тазалықта» ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет – ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Демек, шәкіртке жан – жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік.

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы. Тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді. Қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр.

Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Адамгершілік адамдардың іс- қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Ол ешқашан ескірмек емес. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам – өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.

«Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады» деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық – қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез – құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

Тұлғаны рухани –азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ, филология факультеті, журналистика және қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы Н.Ш.Базарбекова**






# БІЗДІҢ БАСТЫ БОРЫШЫМЫЗ, КОЛЛЕДЖ ЖАСТАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕ БЕРУ

Біздің колледж жастарына патриоттық тәрбие беру – біздің басты борышымыз. Себебі, «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің маңыздылығын арттыру, бүгінгі таңда, қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі болып табылады. Патриотизм туралы идеяларды қазақ даласының ойшылдары Әбу-Насыр әл-Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы-жыраулар – Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді. Бұл мәселенің көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғысынан да артып отыр.

Ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі болып, колледж жастарына патриоттық тәрбие беруде, біздің оқытушылық қызметіміз болып табылады. Патриоттық тәрбие беру арқылы оқушының сана-сезімін, көзқарасын қалыптастырады. Оқу орнында, патриоттық тәрбиенің тереңдеуі - Отанымыздың саналы да, белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, Республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастардың Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Білім алушылның дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда колледж шешуші рөл атқарады. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Сол арқылы әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі тиіс. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеудің негізі мектепте басталады.

Президентіміздің патриоттық сезімге толы осы ой-пікірі Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» ең маңызды міндеттер ретінде өз Отаны Қазақстанды сүюге, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, мемлекет рәміздері мен халықтарының салт-дәстүрлерін құрметтеу» ата заң мен қоғамға қайшы келетін көріністерге төзбеу, әлемдік және Отандық жетістіктерін игеру, Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, тарихын жете білу деп көрсеткен.Демек, салт-дәстүрлердің, соның ішінде халық педагогикасында көрініс алған патриоттық сана-сезімнің қалыптасуына тікелей ықпал ететін озық дәстүрлердің тағылымдық мүмкіндіктерін пайдалану қажеттілігіне аса мән береді.Ұлттық дәстүрлерге, ұлттық идеяға назар аудару және білім мен тәрбиені соған бағдарлау - көптеген мемлекеттер мен халықтардың нақты бір тарихи кезендерінде жиі кездесетін мәселе.

Алғашқы әскери дайындық енгізілуі, оған байланысты әскери патриоттық тәрбиенің тереңдеуі, Отанымыздың саналы және белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастарды Отанды қорғауға, талантты әскери кадрлар даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесіне танымдарымен мінездерін қалыптастыру ауыр және сан қырлы процесс. «Отанды сүю отбасынан басталады», отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Патриот, ержүрек адамды, табанды күрескерлерді тәрбиелеудің негізі колледжде қаланды.

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау. Пәннің міндеті келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын , ұлттық намыс мол, жігерлі ұл-қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Сабақ барысында ұжымдық қорғаныс жұмыстарына, сабақтан тыс уақытта жаттығу жұмыстарын өткізуге аса көңіл бөлінеді. Ұжымдық қорғаныс жұмыстары АӘД-ты оқытудың негізгі бір бөлімі. Колледж білім алушылары теориялық сабақта алған білімдерін ұжымдық қорғаныс жұмыстары кезінде іске асырып, өздерінің білімдерін, біліктілік дағдыларын жетілдіреді.

Патриоттық даярлаудағы жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да, шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде АӘД пән оқытушыларына үлкен талап қойылады, сондықтан оларға өз ісінің жетік маманы болу жеткіліксіз, сонымен қатар білімді, тың ақпараттардан хабары мол болуы шарт. Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп қалыптастыру жетекші орын алады. Өйткені, Отан, халық, ел, жер деген ұғым өте ауқымды. Алғашқы әскери дайындық жастарды патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам және оған шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Отанды қорғау әрбір азаматтың парызы. Елімізде Отанның қорғаушысы болуды армандайтын ұлдар мен қыздар білім алуда екендігін айта кету керек. Олар Қазақстан тарихын терендетіп оқиды, алғашқы әскери дайындық сабағына аса бір ынтамен қатысып, болашақта тәуелсіз еліміздің мақтан тұтар аяулы ұлдары - Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Тоқтар Әубәкіров сынды халқының құрметті азаматы болуды армандайды.

Өз Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу колледждегі әскери-патриоттық жұмыстың басты өзегі болуы керек. Өйткені кез келген егеменді мемлекет сияқты Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің және бүкіл халықтың ісі деп санайды.«Біздің басты мақсатымыз - Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын сақтау» деген Президент өз жолдауында.Қарулы Күшіміздің алдыңғы сапында қазақ жастарының тұруы, олардың бір кісідей ынтымақпен топтасуы, Ата заңымызда көрсетілген қасиетті борышын орындауы - Отанға, туып-өскен жеріне деген сүйіспеншіліктің, негізгі мазмұны, имандылық пен адамгершіліктің негізгі белгісі мен басты өлшемі.

Ал, колледжде жастарға әскери патриоттық тәрбиені жеткізу үшін және әскери қызметті түсіндіру мақсатында алғашқы әскери дайындық оқытушы- ұйымдастырушысы тағайындалған.

Әскери патриоттық тәрбие – жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдық және дене бітімі жағынан даярлау болып табылады. Жастардың әскери-патриоттық тәрбие теориясын және практикасын меңгерулері, Отанды қорғау және Республика Қарулы күштерінде адал борыштарын өтеу, оның халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін кәміл ұғынулары – оқу орындарының педагогикалық ұжымының аса маңызды бір міндеті болып табылады. Кеңестер Одағы тараған соң, орта оқу орындарынан алғашқы әскери дайындық пәнін алып тастау – жастарға әскери патриоттық тәрбие беру, оларды армия қатарында қызмет етуге дайындау ісіне едәуір зиянын тигізді, оның әсері жалпы білім беру деңгейінде де, Қарулы күштерінің жеке құрамының моральдық адамгершілік сипатында да көрініс тапты. Қазақстан Республикасы Үкіметі жасөспірімдердің отансүйгіштік, елінің патриоты мен азаматы болып қалыптасуына көңіл бөліп отыр. Патриоттық тәрбие беру – білім алушының саналы көзқарасын қалыптастыру үшін қажет.

Алғашқы әскери дайындық енгізілуі, оған байланысты әскери патриоттық тәрбиенің тереңдеуі, Отанымыздың саналы және белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға, талантты әскери кадрлар даярлауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастарды Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесіне танымдарымен мінездерін қалыптастыру ауыр және сан қырлы үрдіс. «Отанды сүю отбасынан басталады», отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Патриот, ержүрек адамды, табанды күрескерлерді тәрбиелеудің негізі оқу орындарында қаланады. Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Бала әрдайым өмірге қызыға қарайды, бәрін үйренгісі келеді, еліне керекті азамат болып өскісі келеді.

АӘД пәннің міндеті келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын, ұлттық намысы мол, жігерлі ұл-қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Сабақ барысында ұжымдық қорғаныс жұмыстарына, сабақтан тыс уақытта жаттығу жұмыстарын өткізуге аса көңіл бөлінеді. Ұжымдық қорғаныс жұмыстары алғашқы әскери дайындықты оқытудың негізгі бір бөлімі. Оқушылар теориялық сабақта алған білімдерін ұжымдық қорғаныс жұмыстары кезінде іске асырып, өздерінің білімдерін, біліктілік дағдыларын арттырады. Патриоттар даярлаудағы жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да, шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдеріне үлкен талап қойылады, сондықтан оларға өз ісінің жетік маманы болу жеткілісіз, сонымен қатар білімді, тың ақпараттардан хабары мол болуы шарт.

Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерінің Отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіпеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп қалыптастыру жетекші орын алады. Өйткені Отан, халық, ел, жер деген ұғым өте ауқымды. Оқу орындарында Әскери патриоттық тәрбие жүргізудің көптеген түрлері қолданылады.Соның бір маңыздысы, тарихи тұрғыда қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын белгілі бір қоғамдық, құрылыстан туындаған «Жауынгерлік дәстүрлер» болып табылады. Әсіресе, бұл дәстүрлер жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған XV ғасырдың ортасынан бастап қазақтың ұлттық мемлекетін құру кезеңі, онда қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін қорғауда есімі аса құрметпен айтылатын: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Тәуекел хан, Есім хан, Абылай, Кенесары хандар ерліктері болса, Отан қорғауда өздерінің қабілеттілігімен, жеке басының ерлігімен халық жадында ұмытылмас тұлға болып қалған: Қабанбай, Қарасай, Бөгенбай, Жәнібек, Наурызбай, т.б. батырлар баға жетпес әскери дара басшылық тәжірибесін және қазақ әскери өнерінің дамуына аса зор үлес қосқандығы.Сонымен қатар, қазақтардың азамат соғысына және Ұлы Отан соғысына қатысуы туралы айтатын болсақ, мұнда біздің жерлестеріміз өлшеусіз үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан даласынан 1 млн. 200 мыңға жуық ұлдары мен қыздары майданға аттанып, 600 мыңнан астам адам қайта оралмады. Олар ең аяулысы – өмірін біздің болашағымыз үшін, Отан үшін құрбан етті. Олардың мәңгі жасайтын ерліктері әскери борышқа адалдықтың, өжеттік пен жаппай қаһармандықтың, патриоттық сезімнің нағыз үлгісі болып табылды. Жастарға патриоттық тәрбие берудің манызды бөлігі Отанды қорғаудағы даярлық болып табылады. Жас ұрпақтын әскери-патриоттық тәрбиесіне де Қазақстанның Қарулы Күштері аса назар аударады. Олар білім мекемелерімен бірлесе отырып, Отанды қорғаушы жас жеткіншектердің әскери тәрбиесінің бағдарламасы мен тұжырымдамалары жасайды. Әйткенмен, соңғы уақытта жергілікті халықтың Қарулы Күштерге деген көз қарастары жағымды деп айта алмаймыз. Егер бұрын, 70-80 жылдарда әскери қызметті өтеу бозбалалар өмірінің қажетті кезеңінің бірі болып табылса, ал қазір әскерге шақырылушылар әскери қызметті өтеуден бас тартады, ата-аналары оларды жібермеуге тырысады. Мұның себептерін ішкі саясаттың тұрақсыздығынан, жауынгерлер арасында үлкендердің кішілерге күш көрсету фактілерінің орын алуынан іздеген жөн. Осындай күрделі жағдайларда оқу орындары тәрбие үрдістерін қамтамасыздандыратын бірден-бір әлеуметтік мекеме болып табылады.

Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің тәуелді екеніңді, мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, жеке адамнын өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын барлық жағынан біріктіреді» - деп «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама берген.

Қорыта келе, біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің білім алушы өскелең ұрпақтарына өз Отанына деген патриоттық сезімдерін ояту және одан әрі арттыру мақсатында,мамыр айының 4 жұлдызында, тікелей колледж директоры тарих ғылымының докторы, профессор Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлының басшылығымен және колледждің әкімшілік басышылқтары мен АӘД пәні оқытушысы Тилеубаердиев Сейтханның қолдауымен, колледждің 1-2-3 курстары арасында «7 мамыр Отанды қорғаушылар күніне» арналған әскери саптық іс-шара ұйымдастырылды.

Осы аталған іс-шар бойынша төмендегідей ұсыныстарды айта кету абзал болар еді. Ол үшін бізге:

1. Қазіргі кезде жас жауынгерлердің әскери қызметі туралы видео фильмдер шығарылуы керек деп ойлаймын.

2. Телеарнада арнайы әскери жаңалықтар қызметі жұмыс жасау қажет.

3. Мемлекеттік тілде әскери кітаптар шығарылуы керек.

4. Ең маңыздысы Қазақстанның барлық облысында телеарнада апта сайын немесе ай сайын көрсетілетін «Алғашқы әскери дайындық – әскери патриоттық тәрбиелеудің маңызды түрі» атты телебағдарлама ашылуы тиіс деп санаймыз.

Осы аталған ұсыныстар бойынша, телебағдарламада әр қаладағы, әр аудандағы әскери дайындық сабақтарын, өткізіліп жатқан тәрбиелі іс-шараларды, ұйымдастырылған кездесулерді және үлгілі білім алушыларды, үлгілі әскери адамдарды үлгілі сарбаздарды осы телебағдарламада көрсету керек. Сонымен қатар, қайтадан еліміздегі әскери-патриоттық бағыттағы клубтардың жұмыстарын жаңғырту. Яғни, қандай да әскери сала болмасын Құрлық әскері, Әуе қорғанысы, Ішкі әскері, Шекара қызметі тағы да басқа әскери ұйымдармен өз көлемінде тығыз бірлесе әрекеттесу мәселесін алға алу керек деп ойлаймын.

**Шримбеков Мейірхан**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің Алғашқы әскери дайындық пәні оқытушысы**




# Жас ұрпақ тәрбиесі заңдылықтың қозғаушы күші



Тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді. Сондай елеулі өзгерістердің бірі - демократиялық-құқықтық мемлекет құру міндетін шешу. Мемлекеттік саяси-құқықтық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі - адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруге тікелей тәуелді. Өйткені, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі мен дайындығы тән.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына - адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет. Осыған орай, құқықтық тәрбиенің мақсаты - оқушыны мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды. Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерде шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес. «Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Біздің Республика өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп бекітілген. Өркениет пен мәдениеттің маңызды құбылысы ретінде құқық мемлекеттің жағымсыз іс-әрекеттеріне заңды түрде тосқауыл қоя отырып, адамның табиғи тарихи еркіндігі мен бостандығының жанашыры, гаранты рөлін атқарып отырады. Сөйтіп, адамға оның жан-жақты еркін дамуына, қысылмай ыңғайлы өмір сүруіне кепіл болады. Осы тұрғыдан алғанда, құқық - қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін, қоғамға пайдалы әрі қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал ретінде адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамдық мүддеге, белгіленген тәртіпке, қабылданған заңдарға сай келуін талап етеді. Сондықтан қоғамның дамуы әрбір адамның өз құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыра алатын мүмкіндіктерінің болуы арқылы көрініс табатын болса, ол мектеп қабырғасынан бастап қалыптасқан құқықтық тәрбиеге тікелей байланысты

Жасөспірімдер өздерінің жалпы психофизиологиялық даму ерекшеліктері негізінде, ересектермен салыстырғанда өзге адамдардың ықпалына оңай түседі. Формальды емес топтың «лидері» ересектермен салыстырғанда жасөспірімдерге әлдеқайда көп ықпал етеді. Бұл жағдайда қылмысты болдыртпау, әрі оның алдын алу үшін әрбір топтағы «лидер» тұлғасын, оның топ мүшелеріне ықпал ету тәсілдерін және топ мүшелерінің «лидерге» деген қатынасын ескере отырып, дифференцияланған ыңғайда қарау қажет. Мұндай жасөпірімдерді ұжымдық әрекеттің қандай да бір түріне тартқан кезде жасөспірімге басшылық етуші жетекші, бастапқы уақытта сол жасөспірімнің өзі қалаған, оны орындаудан қанағаттану сезіміне ие болатын, әрі қоршағандарға өзін танытуға мүмкіндік алатын әрекетке тартуы тиімді.

Басқаша айтқанда, жасөспірімнің өзі жасөспірімдердің тікелей қызығушылығын парыз, міндет сияқты сезімдердің дамуын қатамасыз ететін, қарапайым еліктеу, қызықтыру сияқты тапсырмалармен толықтырып отыруы аса маңызды. Ескерте кететін жәйт, мұндай жасөспірімдерді ұжымдық әрекетке тарту арқылы ғана жағымды ықпал ету мүмкін, сонымен қоса қылмыстық топ құруына және осындай топқа бірігуіне жол бермеу жолдарын қарастыру қажет. Жасөспірімдер өздерінің психофизиологиялық қасиеттерінің толық деңгейде дамып-жетілмеуі және тұрақсыздығы негізінде, ересектердің және де тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың белсенді, мақсатты және қатаң түрде жүргізілетін қайта тәрбиелеу жұмыстарынсыз өз сана-сезіміндегі және жүріс-тұрыс әрекетіндегі кемшіліктерді өз бетінше шеше алмайды.

Сондықтан да, жастар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік қызметтер кешенін, оның ішінде, әлеуметтік-психологиялық көмек орталықтарын, наркологиялық қызметтер, жасы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған әлеуметтік сауықтыру мекемелерін, заңдық көмек беру және демалыс орталықтарын жер-жерлерде көптеп құру өзінің тиімді нәтижесін берер еді. Қазақстан тәуелсіздікке ие болғаннан кейін егемен мемлекет пен оның азаматтарының өміріне тікелей тірек болатын барша құқықтық негізді қайта құру қажеттігі туды.

Жасөспірімдік дағдарыс - балалық шақтан ересектік өмірге өту шегі. Дағдарыс қанағаттандырылуы күрделі жаңа қажеттіліктердің туындауымен сипатталады.

Дағдарыс себептері:

1. Сыртқы факторлар: ересектердің үздіксіз бақылауы, қамқарлығы, ал жасөспірім мәселелерін өз бетінше шешуге ұмтылады.

2. Ішкі факторлар: ойлағанына қол жеткізуде кедергі жасайтын әдістер мен мінез сапалары ( тыйымдар, әдеттер, ересектерге бағыну әдеті)

Жасөспірімдік кезең - балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. Жасөспірімдердің психикасы жас балалардың да, ересектердің де психикасынан өзгеше. Олар үшін импульсивтік, жоғары әсерленгіштік тән, олар қызбалыққа тез түседі, көңіл-күйі тұрақсыз, өз-өзіне сенімсіздік, өз әрекетінің дұрыстығына жиі күмәндану тән екендігі белгілі. Бұл сияқты құбылмалы психологиялық қасиеттер - жасөспірімдердің қылмыстық жолға оңай түсуіне себепші болады. Мұндай психологиялық қасиеттері негізінде жасөспірімдердің қылмыстық жолға түсуінің алдын алу үшін жасөспірімдердің бойында өзін-өзі ұстай білу, өз әрекетіне бақылау жасау, өз-өзіне, өзінің күшіне, қабілеттігіне сену сияқты сезімдерін қалыптастыру қажет. Әдетте, баламен тәрбие жұмысын жүргізу барысында (отбасында, мектепте және қоғамдық ұйымдарда) оларға өмірдің қандай қиын екендігін онда жақсылық пен жамандық араласып жатқандығы, тек жеңілдіктер ғана емес, қиындықтар да жиі кездесіп тұратындығы туралы айтыла бермейді. Балалар мен жасөспірімдерді жамандықтан үнемі қорғаштап отыру, өмірде кездесіп отыратын қиындықтар жөнінде сөз қозғамау, олардан жекелеген адамдар тарапынан жасалатын бейморальдық және қоғамқа қарсы әрекеттерді, әділетсіздік пен жалғандықты жасыру, мұндай құбылыстар кездескен жағдайда оған төтеп беріп, қажет болған жерлерде шыдамдылық білдіруге, қастандық әрекеттермен күрес жүргізуге тәрбиелемеу олардың тұлғасының әлсіздігіне, қиындыққа шыдай алмай теріс жолға оңай түрде түсуіне қиындықпен бетпе-бет кездескен кезде, олардың бойында өмірден түңілу сезімі қалыптасып, армандары мен сенімдерінің күйреуіне әкеп соғады.

Кез-келген адам өз бетінше әрекет етуге, өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге қабілетті, өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде танылa отырып, тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып танылады. Сондықтан да, баланы жай оқытып және тәрбиелеп қана қою аз. Дәл осы кезеңде жасөспірімдерге психологтың көмегі өте қажет. Сондай-ақ оны өзін-өзі тәрбиелеумен саналы түрде айналысуға үйрету қажет. Стихиялы түрде өзін-өзі тәрбиелеу, сана-сезімнің төмендеуін тудырады, сөйтіп белгілі бір деңгейде қылмыскер тұлғасының қалыптасуына себепші болады және оны түзеуге бөгет жасайды. Ал, саналы позитивті түрде өзін-өзі тәрбиелеу дегеніміз - өмірде алға қойған мақсатына қол жеткізу, әрі жоғары деңгейде әрекет етуге дайын болу қабілеттігі мен қасиеттерін, моральдық және физикалық күштерін, ақыл-ойын дамыту үшін ерікті, белсенді және ғылыми түрде әрекет ету процесі болып табылады.Осы орайда әрбір психолог жасөспірімге ұжымда және жанұядағы түрлі ситуациялық жағдайларға байланысты, оның бойындағы жақсы қасиеттерін жетілдіріп, ал нашарын тежей білуі тиіс. Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекеттерінің негізгі түрлері - ойын, оқу, еңбек. Барлық жастағы оқушылардың іс-әрекеттерінің ерекше түрі -тілдесу, қатынасу (ортақтасу).

Іс-әрекет сипаты бойынша белсенді (актив) және енжар (пассив) болуы мүмкін. Тіпті, құрттай ғана сәбидің өзі белсенді тіршілік иесі болып көрінгенді қалайды. Ол жасына қарамай үлкендерге, қатарына қандай да талаптар қояды, төңірегіндегі кісілерге, заттарға, болып жатқан оқиғаларға өз қатынасын білдіруге тырысады. Уақыттың озуымен қоршаған орта және тәрбиенің ықпалы арқасында белсенділік көтерілуі де мүмкін, кейде төмендеуі де ықтимал. Мысалы, адам көп жұмыс істеуі мүмкін, бірақ іске құлықсыз, көңілі құламай, орындалуы қалай болса, солай - енжар. Әлбетте, мұндай іс-әрекет адамды жоғары нәтижелерге жеткізбейді. Дамудың тиімді болуы іс-әрекеттің белсенділігіне, көңіл-күй жарасымдылығына тәуелді. Адам таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіндіктердің бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Мұндай қызмет адамға қанағат ләззатын әкеліп, шабыт пен қуаттың көзіне айналады. Сондықтан да, іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес сол әрекетте көрінетін тұлға белсенділігінің деңгейіне де байланысты. Белсенділік оқу барысында шәкіртке тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Оның қарым-қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Баланың ақыл-парасатты дамуын танымдық белсенділік қамтамасыз етеді.

Бұл үшін балаға танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді практикада қолдану қажеттігі де тән болуы тиіс. Себебі еңбектегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталандырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды. Белсенділіктің барша көріністерінің негізінде бір ғана тұрақты дерек көзі- қажеттік орын алған. Жалпы мектептік тәрбиенің өзгерістер ізімен үлгере орындалуы өте қиын, солай да болса, әрқандай тәрбиелік іс мезетінен бір де кешікпей жүргізіліп, келеңсіз салдардың алдын алып отыруы қажет. Тұлғаның дамуы кез-келген әсерден болмайды, солардың ішінде адамның өз қажетіне сай келген, оның тұлғасына жарасымды болған, шынайы болмысқа деген оның жеке көзқарастарына сәйкес ықпал болса ғана, бала дамуы қарқынды жүреді. Тұлғаның белсенділігі дамудың тек алғы шарты емес, оның нәтижесі де. Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл және өзі мен төңірегіндегі қатысқан адамдардың бәріне бірдей жақсылық пен қуаныш беретін тұлға қалыптастырушы тәрбие әрдайым өз мақсатына жетіп отырады. Жасөспірімдер тұлғасы эстетикалық тұрғыдан оңай бұрмаланады. Мұндай бұрмаланулар кейде олардың қылмыстық жолға түсуіне себепші болуы мүмкін. Сондықтан жасөспірімдер арасында эстетикалық тұрғыдағы тәрбие жұмысын жүргізудің маңызы зор.



Мұндай эстетикалық түрдегі тәрбие жұмыстары арнаулы білімге ие педагогтар арқылы жүрізілуі тиіс. Негізі, эстетикалық тәрбие беру жасөспірімнің бүкіл бейнесіне ықпал ететін болғандықтан, өзіндік ерекшеліктері бар. Эстетикалық тәрбие барысында олардың өмірге деген талғамы мен көзқарасы тәрбиеленіп, кеңи түседі, шығармашылық белсенділігі артады. Ал мұның барлығы, жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықтың алдын алуға өз септігін тигізеді. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруда жастар клубының ролі үлкен. Жастар клубы қоғамдық белсенділікті арттырудың көзі болып табылады. Бала өзінің қарқынды энергиясын күш көрсету түрінде көшеде жұмсай алады, ал колледж және отбасы оның мұндай жасөспірімдердің қоғамға қарсы психологиясының қалыптасуында үлкен роль атқарады. Бала бойында еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру аса маңызды мәнге ие болып келеді.

Өйткені кез-келген жасөспірімді ең әуелі отбасы, одан кейін мектеп және барлық жағдайда еңбек тәрбиелейді. Еңбек ету қажеттілігі болған жерде тәртіптің бұзылуы және жасөспірімдердің қылмыстық әрекеті өте сирек кездеседі. Адамның қоғамдық белсенділігі оқуға, спортқа, көркем өнерге деген қызығушылықты арттырады, сонымен бір мезгілде жат әрекеттерге тежеуіш болады. Жасөспірімдер тұлғасы үшін топ құру, топ болып әрекет ету тән. Жасөспірімдер ересектермен салыстырғанда жалғыз өзі қылмыс жасауға өте сирек баратындығы практикалы жүзінде дәлелденген. Будан олардың өз өзіне сенбеуін ғана емес, сонымен бірге, олар туралы түсінігінің теріс бағытқа ие болуына қарамастан, осындай достыққа ұмтылуын да байқауға болады. Әсіресе, соңғы кезде жасөспірімдердің топқа біріге отырып әрекет етуі жиі байқалады. Жасөспірімдер тобында қызығушылық пен еліктеушіліктің жоғары деңгейі, топ мүшелерін өз дегеніне көндіру, көңіл күйдің жұқпалылығы, және де мұндай көңіл күйдің қылмыстық акт барысында өзге топ мүшелеріне берілуі байқалады. Жасөспірімдердің кез-келген тобында қандай да бір лидер болатыны бәрімізге белгілі. Бұл жағдай адамдардың, әсіресе, жасөспірімдердің бірдей еместігін, психофизиологиялық қасиеттері, яғни ерік, ақыл-ой, жігер, тапқырлық тұрғысынан әртүрлі болуымен түсіндіріледі.

Ұлт ұрпағының болмыс-бітімін қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіру мәселесі отбасынан бастау алады. Әрбір ұлт өкілінің өз ұрпағын өз ұлтының болмысына сай дамытып, жетілдіруі - бұл талдауға жатпайтын мәселе. Әр адам - адамзаттың жеке-дара өкілі болғанымен, өзіндік ерекшеліктері мен дараланады. Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Адамдардың кейбіреулері дүниедегінің барлығы қарама-қайшылықта болады» деседі, енді біреулері «Әлемде үйлесімділік пен келісім болса, даму жоғары деңгейдегі жетістікке жетеді» деп тұжырымдайды.

Адамның сан қырлы әлемін танып-білуді, ұрпақ өмірге келмей тұрып, ана құрсағында бастау алатынын, яғни, болмысы қалыптасу үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір әке-шеше жете ұғынуы қажет. Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен, рухани саналылықты меңгереді.Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнінің өзінің өмірдегі орнын, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал. Психолог-мамандар ата-аналарға сәби дамуының бастауы мына факторлардан тұратынын ұғындырса тиімді болады. Олар: биологиялық -туа және жүре-бара берілетін ерекшеліктер; әлеуметтік - бала өсіп жетілетін рухани орта. Баланың ата-анасымен осы жұмыстарды жүргізе отырып, нәтижесін білу үшін психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастыру қажет. Бұл диагностикалық кестеде әр баланың пәндер бойынша үлгерімі, материалды қабылдауы, ойын дәлелдеуі, ұштастыра білуі, этикалық, эстетикалық талғамы, қабілеті, өз ісіне жауапкершілігі көрсетіледі. Осы мақсатта, біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінде әр апта, «Жас ұрпақ тәрбиесі заңдылықтың қозғаушы күші» тақырыптарына арналған, рухани жаңғыру аясында дөңгелек үстел мен түсіндірмелік жұмыстар атқарылып келеді.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. “Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!”- деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен сабағымды аяқтаймын.

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжі,
Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, Досыбай Нұрлыбек Жолдасбекұлы**

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Бұл мақалада экс-президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласының маңыздылығы мен қазіргі таңда ондағы қазақ жазуын латын әрібіндегі әліпбиге көшіру барысындағы жүргізіліп отырған іс-шаралар, гуманитарлық білім саласына қазақ тіліндегі 100 оқулық бағдарламасының жүзеге асырылуы барысы айқындалады. Қазақ тіліне аударылып, қазіргі таңда жоғары оқу орындарының пайдаланылуына берілген оқулықтардың білім беру үрдісінде тиімділігі нақтыланады.

**Тұңғыш президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты бағдарлама іспеттес мақаласында елімізді әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосатын бағыт беріп, жол көрсете отырып, таяу жылдарға қойылған міндеттердің қатарына қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын қойған болатын.**

Негізінде 2007 жылғы Жолдауында қазақ жазуын латын әрібіне көшірудің маңыздылығын көрсеткен болатын. Бұл латын әліпбиіне көшу концепциясы Қазақстан халық Ассамблеясының XII сессиясында да айқындалған еді.

**Тұңғыш президентіміздің айтқанындай, қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түседі.**

Осы уақытқа дейін латын әліпбиіне көшу үшін латын графикасына негізделген қазақ әліппесі реформасына қатысты қоғамдық пікірге талдау жасалынуы мен халық арасында қазақ жазуын латын графикасына көшірудің тиімділігі жөнінде түсіндірме, ұғындыру және насихаттау жұмыстарын жүргізілуінен кейінгі шығарған қорытындыда латын әліпбиі енгізіп, қолдауды көпшілік қолдайтындығы аңғарылды.

Сондықтан экс-президентіміз Н.Назарбаевтың: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес» деуі осыған дәлел.

Мақала жарық көрген күннен бастап осы мәселе қоғамда кеңінен талқыланып, латын әліпбиінің қазақ тілін дамытудағы маңызы, өзектілігі жанжақты айтылғаны белгілі. Мемлекет тарапынан нақты шаралар жүзеге асырылып келеді. Қазақстандық тіл мамандары латын әліпбиінің бірнеше нұсқасын жасап, халықтың талқылауына ұсынды. Нәтижесінде 2017 жылдың 26 қазанында сол кездегі Елбасы қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз ету жөніндегі жарлыққа қол қойылып, ресми түрде мақұлданды. Халық арасында қызу талқылауға салынып, түрлі ойлар баспасөз беттерінде жарық көргеннен кейін әліпбиге түзетулер енгізіліп, 2018 жылдың 19 ақпанында түпкілікті бекітілді. Енді еліміздің алдындағы маңызды мақсаты 32 әріптен тұратын әліпбиді қолданысқа енгізу болып табылады.

**«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын «Жаңа гуманитарлық білім.** Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы жайында Н.Ә.Назарбаевтың: «...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...», деуі, 2017 жылы әлемдегі жоғары оқу орындарында қолданылудағы таңдаулы кітаптардың қазақстандық студенттердің білім сапасын арттыруына лайықтылығы нақтыланған болатын. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы негізінде 2018 жылдың өзінде іріктелініп алынған 18 оқулық қазақ тіліне аударылып, қазіргі таңда жоғары оқу орындарының пайдаланылуына берілді. Бұлардың арасында гуманитарлық ғылым заманауи білім сапасын артыруға Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері», Джордж Ритцер, Джеффри Степницкидің «Әлеуметтану теориясы», Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін», Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы», Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы» I-томы және «Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр философиясы» II-томы, Марк П. Тейлордың «Экономикс», Рикки У. Гриффиннің «Менеджмент» кітаптарының қосары мол боларына сенеміз.

**Аударылған оқулықтарда әлеуметтану, мәдениеттану, тіл білімі, антропология, менеджмент, философия, психология мен экономика және тағы басқа ғылымдар қамтылған**

**2018 жылы сол кездегі Елбасының тапсырмасымен 30 кітапты сапалы аударып, басылып шығуына барлық жағдайлар жасалуда.** Жалпы, бұл кітаптардың біріншіден, білім беру үрдісінде тиімділігі зор, екіншіден, студенттердің заманауи білімге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ал үшіншіден, жоғары оқу орындарының білім сапасын арттырып, білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке мүмкіндік береді.

**Шымырбекова А.М., Айтбекова Ж.Н., Құрбанбаева С.Н.**
**М.Әуезов ОҚУ-нің «Техникалық мамандықтар бойынша шет тілдері» кафедрасы оқытушылары, Шымкент.**



см-21-7к2 топ студенттері



# Дидактика және оқыту әдістері

Оқыту процесі, тәрбие процесі секілді педагогиканың аса бір маңызды саласы. Оның ғылыми анықтамасы – дидактика немесе оқыту теориясы деп аталады. Дидактика (didaktikos) деген ұғым грек тілінен алынып, оқыту немесе үйрету деген мағынаны білдіреді.



Педагогикада бұл ұғымды тұңғыш рет еңгізген неміс педагогы В. Ратке (1571-1635) болды. Оның пайымдауынша дидактика оқытудың теориялық негіздерін зерттеумен айналысатын ғылыми пән.

Дидактиканың зерттейтін пәні – ол білім беру мен оқытудың теориясы мен практикасы, басқаша айтқанда, білім беру мен оқыту процестерінің заңдылықтары мен ерекшеліктері.

Сонымен бірге дидактика білім беру мен оқытудың мазмұнын, оқыту принциптерін, оқытудың ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қарастырады.

Дидактиканың міндеті: «нені оқыту» және «қалай оқыту керек» (Я.А. Каменский бойынша) – деген сұрақтарға дәлелді жауаптар беру. Сондықтан да дидактиканың қарастыратын негізгі мәселелері:

- оқыту процесінің мәні мен оның заңдылықтарын ашу;
- оқытудың білімділік мазмұнын анықтау;
- оқытудың негізгі қағидалары, яғни принциптерін белілеу;
- оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтап, олардың түрлерін жасау.

Дидактиканың категориялары: білім беру, оқыту, оқыту принциптері, оқыту процесі және оның негізгі компоненттері: мақсаты, міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, оқытудың нәтижесі.

Оқыту – қоғамдық құбылыс. Себебі, оқытудың мақсат, міндеттері және оның мазмұны мен әдістері туралы мәселелер қоғамның қажеттілігінен туындап, тарихи дамып, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде мектеп алдына қойылған міндеттерді қарастырып отырады.

«Процесс» деген ұғым – бұл ілгері қарай қозғалыс, бір ізділік әрекеттің заңдылығын көрсететін түсінік. Оқыту білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертетін, оқушыларда дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыратын, олардың дүние танымы мен шығармашылық күш-қайраты және қабілетін шыңдап дамытатын процесс.

Л.В. Занков оқыту – оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет дейді. Оқыту – дидактикалық процесс болғандықтан, болашақ мұғалім оның өзіне тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін білуі өте қажет.

Оқыту – мақсатты процесс. Оның мақсат, міндеттері мен мазмұны және ұйымдастырдағы амал-тәсілдері тек қоғамның талабымен, қажеттілігімен байланысты туындап, өзгеріп, жаңарып отырады.

Оқыту – таным процесі. Себебі, оқыту барысында оқушыда білмеуден білуге қарай ілгері қозғалыс болады.

Оқушының білім алуда ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш – түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге басқанда, әртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады.

Баланың оқуына күшті әсер ететін себептердің бірі- мотивтер. Мотивтер деп – белгілі әрекетке итермелейтін бағыттайтын себепті айтады. Оқушының мотивтері оның қажеттері мен қызығуларына байланысты болады. Бала жақсы оқу үшін – білімнің өмірге керек екенін түсінуі және сол білімге қызығуы қажет.

Оқытудың міндеті – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы заңдылықтарымен қаруландыру. Оқушы дүние тануда ғылыми жаңалық ашпайды, ол бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген фактілерді, заңдылықтар мен қағидаларды ұғынады, өзінің күнделікті практикасында қолданады.

Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады және мұғалімнің білімі мен мәдениет дәрежесі оқушылардың жеке басының қалыптасуына үлкен тәрбиелік ықпал етеді.

Прагматистер Д. Дьюидің басшылығымен оқыту процесінің мәнін айқындауда, оқыту барысында бала өзі өмір сүріп отырған қоғамдық құрылысқа бейімдей алса болғаны – деген пікірді ұсынады. Сондықтан, олар оқытуды баланың, тек қана өзінің, білімдерін жетілдіру, жүйелі түрде кеңейту және тереңдету процесі деген қағиданы дәлелдейді.

Оқыту – даму негізі. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің мына сөздерін еске алғн жөн. Жақсы окыту деп, ол – баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады. Л.С. Выготский баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күні дамуына керек деп ескертеді, осыған орай, ол – бала дамуының «екі зонасы» болатынын айтады. «Бірінші зона» – бала дамуының қазіргі қол жеткен сатысы, осыған қанағаттанып қоймай, мұғалімнің оқушыларды болашақтағы дамудың ең жақын сатысына («екінші зонаға») жеткізуге міндетті екендігін айтады.

Оқыту – екі жақты процесс. Оқыту процесі оқушы мен мұғалімніңөзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі әрекет. Себебі, оқыту – мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті.

Оқыту – жоспарлы процесс. Мұғалім оқушылардың жалпы рухани дамуын жүйелі қамтамасыз етуі үшін оқыту процесін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады. Оқушы білімді қысқартылған, педагогикалық тұрғыдан өзгертілген жолмен мұғалімнің және арнайы жазылған оқу құралдарының көмегіне сүйене отыра меңгереді.

Сонымен бірге, оқыту процесі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра, таным қызметінің формасы мен әдістерін соған орай отырады.

Оқыту – бұл күрделі процесс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, яғни біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Бұның мәнісі, жеке тұлғаға біртұтас ықпал жасауды көздейді. Осыған орай, оқыту процесінің бірінші қызметі – оқушыларға білім беру. Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай оқушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды міндеттесе, екіншіден солардың негізінде, дүниедегі әртүрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын тәрбиелеу.

Екінші қызметі – тәрбиелеу. Оқыту процесі барысында оқушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Тәрбие процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқытудың барысына қолайлы ықпал етеді, соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады.

Үшінші қызметі – дамыту. Оқыту барысында оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті т. б. Көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына, біліктіліктері шыңдалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Яғни, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады. Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі, Арнайы пән оқытушысы, Нурғалиева М.Н.**

# Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру



**Химия – қызықты және өте күрделі ғылым. Адамзат тарихының алғашқы ғасырларынан бастап әлемнің неден тұратынын, көзге көрінбейтін минуттық бөлшектер бар-жоғын және бір зат екінші затқа айналатындығын түсінуге тырысты. Бүгінгі күні көптеген сұрақтарға жауаптар табылды, бірақ олардың көпшілігі белгісіз, сондықтан одан да қызықты. Бізді қоршап тұрған барлық материя атомдардан тұрады. Химия – әртүрлі заттардың, әр түрлі қасиеттері бірдей элементтердің атомдарынан қалай пайда болатындығын айтады. Осы ғылымның арқасында адамдар әртүрлі материалдарды өздері қалай алуға болатынын, табиғат бізге берген нәрсені қалай тиімді пайдалану керектігін түсінді. Қазіргі өндіріс химияның ең жаңа жетістіктерін қолданады, бұл біздің өмірімізді ыңғайлы, қауіпсіз, қызықты етеді.**

Кейде химия адамның өмірін сақтайды. Ғалымдар зерттеулерінің арқасында дененің химиялық құрамы, оған әсер ететін заттар табылды. Біз қазір қолданатын дәрі-дәрмектер де осы ғылым жетістіктерінің арқасында алынады. Мен үшін химия – әлемді танудың жолы. Көптеген жолдар бар, әлі де жүру керек. Мүмкін болашақта мен осы ғылымды зерттеуде айтарлықтай жетістіктерге жете аламын, тіпті, бірнеше жаңалық ашамын. Бізде әлі де ашық сұрақтар көп. Бұл адамның бүкіл өмірін анықтайтын қызықты таңдау.

Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы, білім мен ұлағатты тәрбие беру, барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының даму кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі, білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Қазіргі білім жүйесінің мақсаты – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру, мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Көптеген жаңа технологиялармен қатар, соңғы кездері, химия пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа: -мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды); -зертханалық тәжірибелер; -компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта); -анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры); -интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай қондырғылар білім алушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту оқытушының сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп.

Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге көмектеседі. Интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулаларды, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді. Менің ойымша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар: - Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді. - Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру. - Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу. - Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану. - Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану. Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге білім алушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да артық болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Тоқталып өтсем, өзімнің жұмыс жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектептің информатика кабинетінде интерактивті тақта орнатылған.

Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып,жоспарлаймын. Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Өз басым интерактивті тақтаны әр сабақ барысында, соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде жиі қолданамын. Мысалы: Бейорганикалық химия пәнін оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады.

Интерактивті тақтаны пайдалану аркылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Білім алушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Жауап нәтижелерін бақылап және оқушылардың материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тестілеген кезде мұғалім оқушылардың білім деңгейін анықтай алады. Оқушыға тест сұрақтарына жауап беруі үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, жалқау оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Білім алушылар жауаптарын құпия түрде бере алады. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс - тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уакытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер бар. Мектептегі химия сабағын компьютердің көмегіне сүйеніп өткізуге көп мүмкіндіктер жасалған. Жаңа материалды түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды көздейтін аппараттық- бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі.

Химия пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану білім алушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Білім алушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы химия бойынша минимум талаптарына сәйкес келеді. Келесі бір маңызды жағдай уақытты үнемдеу. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген киын сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Химия сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, сабақтар өткізуді қолға алдым.

Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сабақ барысында оқушылардың қабілетін, білім деңгейін, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге баулып, қорытындысында оларды машықтандыруға, оқушының ақыл-ойын дамытуға, өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, әр баланың сабаққа деген ынтасын арттырып, олардың тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беріледі.

Сабақтан тыс уақытта оқушыларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға арналып, өткізілген сыныптан тыс жұмыстардың тақырыптарына тоқталсам: «Білгір химик», «Жүзден жүйрік», «Химия әлеміне саяхат», «Не? Қайда? Қашан?», «Химия және денсаулық» сияқты танымдық ойындары қолданамын. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отырып, оқушының білім сапасын, алған білімдерін байқап көруге болады. Яғни, оқушы құзырлығын дамытамын. Осындай тәжірибем арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденістері арқылы оқушыларымнан мол жетістіктерге жеттім. Мысалы: 8 сыныпқа «Оттегі-химиялық элемент. Оттектің қасиеттері,алынуы,қолданылуы» тақырыбында өткен ашық сабағым «сатылай кешенді талдау» стратегиясын пайдаланғанда өте сәтті өткізілді.Сабақта тірек сөздер, инсерт кестесін қолданып, оттектің химиялық қасиеттерін видеоролик арқылы көрсеттім. Ақпарат құралдарын пайдалану кезінде деңгейлік тапсырмалар беріліп, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында 8 сыныпта өткізген «Сутек. Қышқылдар.Тұздар» тақырыбындағы сабағым оқушыларды ынтымақ-бірлікке, тез ойлауға және теориялық білімдерін бір жүйеге келтіруге негізделген. 8 сыныпта «Су.Ерітінділер» тарауы бойынша тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап ретінде «Миға шабуыл», «Кім жылдам?», «Біліміңді байқап көр» ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттырдым. 9 сынып бойынша «Темір», «Алюминий және оның қосылыстары» тақырыбындағы сабағымда тірек сызба, семантикалық карта толтыру, эстафеталық сұрақтар арқылы, электрондық оқулықтарды пайдалана отырып, оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыттым. Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым ментехника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты

нығайту қажет. Ұлы химиктердің өмірі мен кызметі жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда оқушылар атақты химиктердің өмірбаяны жөнінде ақпарат құралдарынанан энциклопедиялық мәліметтер ала алады. Сонымен қатар, оқушылармен сабақта «Химик анықтамалығы» журналына шығатын CD-де ұсынылған слайд-презентацияларын үнемі пайдаланамын. Журналға шығатын презентациялар кез- келген тақырып үшін таптырмайтын құндылық және оқушылар кеңірек мәліметтер алады. Мысалы: «Күкірт және оның қосылыстары», «Азот», «Атом құрылысы», «Хлордың қолданылуы», «Кремний», «Аммиак», «Күрделі эфирлер», «Көміртек», «Қышқылдар», «Негіздер», «Алюминий» тақырыптарына арналған сабақтарымда слайд материалдарын кең қолдандым. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы: 1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады. 2. Шығармашылық қабілеттері артады. 3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады. 4.Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды. 5. Экологиялық сауатты болуға үйренеді. 6.Тағамның химиялық құрамының зияндылығын іс-тәжірибелер барысында анықтайды. 7. Химиялық технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады. Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім деңгейі анықталып, зерттеу жасалып, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Сондықтан, XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Менің де оқушыларым арнайы берілген үй тапсырмасын дискіге жазып жүреді. Зертханалық жұмыстар жүргізген уақытта тағамдар құрамындағы зиянды заттардың құрамына талдау жасадық Мысалы, жеңіл тұздалған селедка балығын алып, оны ұзақ мерзімде сақтау үшін уротропин қоспасымен өңдейтіні туралы ақпарат алдық. Ал сірке қышқылына қосылған уротропин өте улы формальдегид қоспасына айналады. Бұл – адам ағзасы үшін өте қауіпті зат. Ол көру, есту, дем алу мүшелеріне залал келтіріп, орталық жүйке жүйесін де зақымдауы мүмкін. Сонымен қатар, картоптан жасалған фри мен үй жағдайында пісірілген картопты бөлек ыдысқа салып сақтап, арада 45 күн өткенде үйде пісірілген картоптың бұзылып, шіріп кеткенін, ал арнайы «Фаст фуд» фирмасынан шыққан ыдыста дайындалған фри өзінің тауарлық түрін жоймай сақтағанын көрдік. Қазіргі уақытта біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінде көптеген мамандықтарға химия пәнен сапалы білім беріп келеміз. Химия пәніне әр бір топтың білім алушылары қызығып, зертханалық жұмыстарды өз уақытымен орындап келеді.Биотехнология, мұнай өңдеу, экология, молекулалық биология, фармацевтика сияқты заманауи мамандықтар осы тақырып бойынша терең білімді қажет етеді. Лабораторияда жұмыс істейтін, ғылыми зерттеулер жүргізіп, эксперименттер жүргізетін химиктер бар. Өндірісте жұмыс істейтін мамандар бар, олардың көмегінсіз көптеген зауыттар мен фабрикалар жұмысын тоқтатады.

Менің білім алушыларымның арасынан осындай оқытушылар шықса онда менің еңбегімнің жанғаны деп ойлаймын. Сондықтан, өз шәкірттеріме білімімді одан әрі жетілдіре отырып, талантты да талапты оқушылар оқытып тәрбиелеу – негізгі мақсатым болып саналады. Химия көптеген басқа ғылымдармен байланысты болғандықтан да қызықты. Дәл есептеулер жүргізу үшін сізге математика туралы білім керек. Органикалық заттарды зерттеу үшін биологияны жақсы білу маңызды. Реакция жүргізу және заттардың қасиеттерін анықтау үшін физика қажет. Бірнеше байланысты салалар бар, мысалы, химиялық физика немесе химиялық биология.

**Усербаева Бакытгул Зиядбековна, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, Химия пәні оқытушысы**

Білім беру жүйесі AUEZOV UNIVERSITY 1943 Университет №4 (210), маусым, 2022 ж. 17 бет

# ЖАҢА ӘДІСПЕН ОҚЫТУ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУ КЕРЕК

Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте әдістеме өздігінен келе қоймайды. Ол көп жылдар бойғы ұстаздық қызметінің іс-тәжірибесімен, күнделікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады. Осылардың негізінде әр мұғалімнің бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады. Сонымен қатар олар күнделікті жұмыс тәжірибесінде озат мұғалімдердің шеберліктерін де пайдалана алатын болады. Бұлардың барлығы, сайып келгенде әдістемедегі белгілі бір жүйелікті қалыптастырады.

Біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің тұтас оқу үрдісінің маңызды компоненттерінің бірі - әдістемелік жұмыс болып табылады, ол жетекші құраммен педагог қызметкерлердің құрамымен ұйымдастырылған іс-шараларды үйлестіреді, бұл жұмыстар академиялық пәндерді оқыту әдістерін жетілдіруге, оқу үдерісін ұйымдастыру мен дамытудың тиімділігін қамтамасыз етуге, оның интеграциялық қолдауына, жоғары кәсіби кадрларға оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын әзірлеу және енгізуге негізделген. Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. «Біздің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, инновациялық, әлеуметтік -мәдени өзгерістерге қабілетті XXI ғасырға лайықты, тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптап, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу» Білім беру құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бұл жерде әңгіме еліміздің болашағы туралы. Оның ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек». Ендеше, біздің ұстаздарымыз оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады. Бұл істердің барлығын жүзеге асыратын еліміздің ұстаздар қауымы. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы. Ұстазда ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік, сараптамалық қабілеттердің де болуы шарт.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – білім алушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Білім алушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Білім алушының жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндк береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты.

Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шыңдалып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Білім алушы XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды.




Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Ал осы уақытқа дейін біздің елімізде жалпы білім беретін колледжімізде білім алушылар күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлар ықпалымен мамандық таңдап, ақыр соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа тартыла алмай отырғаны бәрімізге белгілі.

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары білім алушының бірінші курстан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқан көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай эссе жазудан әңгіме тіпті шығарма жаза алатындай дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі.

Білім алушылардың пайдаланатын оқыту әдісі арқылы оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, білім алушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр» т.б. Білім алушылар пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Критериалды бағалау екіге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерлеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Бағдаршам», «Бір минуттық эссе», викториналар, сұрақтар т,б. Жиынтық бағалау белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді қағидат бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегін де қарастырылған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының ерекше сипаттары: оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; әрбір қайталап оқыған сайын оның күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дей ін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп атауға болады. Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күт ілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі. Пән оқытушылары өздерінің пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілді дамытуына қолдау көрсетеді. Білім алушы жетістігін нақты бағалау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. «Оқытушы көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжіндегі ғылыми-әдістемелік жұмыс келесі бағыттардан тұрады:

1.Ғылыми-әдістемелік материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;

2.Ғылым мен техниканың жетістіктерін практикада зерттеуді, іріктеуді және енгізуді ұйымдастыру;

3.Мамандықтар бойынша, тақырыптық, ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар мен ғылыми-әдістемелік кездесулерде кәсіби біліктілік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу;

4.Ғылыми әдебиеттерді, рефераттарды, баяндамаларды шолуды ұйымдастыру.

Осылайша, әдістемелік жұмыс әдіснамалық, ақпараттық, диагностикалық, кадрлық, материалдық және техникалық кіші жүйелердің өзара іс-қимылының біртұтас жүйесі ретінде қарастырылуы керек.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген тұжырым Қазақстанда білім беру саласына өзгеріс қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғы лым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, 21 ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілд ері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс. бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл -қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Колледж – үйрететін орта, оның жүрегі - оқытушы. Ізденімпаз оқытушы шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Оқытушы ата-ана болу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр оқытушының борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, жұмыс орынын шексіз сүйетін адам. Оқытушылықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

**Г. Қалдыбекова**
**М. Әуезов атындағы ОҚУ колледж әдіскері**

# Учеба и трудоустройство цементников



Наряду с отечественными бизнесменами, например профессор С.С. Сейтжанов и др., в производстве цемента участвуют и крупнейшие иностранные компании, такие как HEIDELBERG CEMENT, VICAT (JAMBYL CEMENT), китайские компании.

Потребность в выпускниках нашей кафедры высокая. Заводы выпускают специальные тампонажные, сульфатостойкие дорожные, высокопрочные, быстротвердеющие цементы. Поэтому, согласно специальных требований, даже лаборанты цементных заводов должны иметь высшее или среднее специальное образование. По просьбе руководства ТОО «Стандарт Цемент» и др. мы разрешили отдельным студентам 3 и 4 курса работать в центральной лаборатории завода и в производственных цехах.

Будучи студентами 3 - 4 курса в лаборатории этого завода в течение последних 1-1,5 года трудились Сейдикул Рахимжан, Сапарбек Назерке, Тажибаев Отабек (ХТ-18-7к1), Рахматуллаев Эльдар, Суйеубек Рамазан, Байкенжеулы Мухтархан (ХТ-18-7тк), Курбанкул Бекзод, Сатыбалды Султан (ХТ-19-7к). Заработная плата лаборанта составляет около 150 тыс. тенге в месяц. После пенсионных отчислений и налога студенты получают на руки более 120 тыс. тенге. Некоторые студенты других специализаций (керамика, стекло) работают на ТОО «Зерде Керамик» и ТОО «Евро Кристалл» на выпуске керамогранита и стеклянной посуды – банки, бутылки.

Так Литовченко Алексей – ХТ-18-7р работает стекловаром на печи, Амангельды Аян и Калдан Ернар – ХТ-18-7дк работают операторами в ТОО «Зерде Керамик», Хаттамов Азиз – ХТ-21-8рс работает лаборантом в АО «Шымкентцемент». Этих студентов отличают высокая дисциплина, ответственность, трудолюбие, настойчивость в достижении поставленной цели, они успевают и работать на предприятии и хорошо учиться в университете.

Мы уверены, что многие из них станут высококвалифицированными технологами, начальниками цехов, главными инженерами и руководителями предприятий. Благо, для них есть хороший пример карьерного роста выпускников прежних лет. Как известно, 3 выпускника кафедры выросли в свое время до Акимов областей - Турисбеков З.К. и Тщанов А.К. Ныне действующий Губернатор Ленинабадской обл. Таджикистана – Раджаббой Ахмадзода закончил нашу кафедру в 1995 году. В числе выпускников нашей кафедры 4 министра – Паримбетов Б.П., Бессмертный И.С., Тщанов А.К. и Турисбеков З.К., 2 генерала, Академики, ректоры вузов, директора НИИ, профессора, директора компаний, крупные бизнесмены.

С 2019 года в пос. Шиели Кзылординской обл. работает китайский завод ТОО «Гежуба Шиели Цемент» мощностью 1 млн тонн. Около 10 наших выпускников работает на этом заводе в качестве инженеров, технологов, начальников смены и цехов. В 2021 году объем продаж цемента на заводе составил 1 млн тонн. Как рассказал нам один из выпускников, работающий начальником смены, после выполнения плана руководство выделило премии для лучших работников, а нашему герою –Жандосу – выплатили 3 оклада – это почти 1 млн тенге. Он был моим дипломником. В присутствии 4 студентов-выпускников нынешнего года – моих дипломников, которых я привез на завод для трудоустройства, я стал дальше расспрашивать о его делах, работе, семье. У Жандоса, который закончил нашу кафедру 9 лет назад, двое детей, завод выделил служебную квартиру, которая находится примерно в 1 км от предприятия (санитарная зона составляет 1 км), сказал, что в Шымкенте купил квартиру в микрорайоне Нурсат, теперь копит на машину. Для четырех выпускников этого года, которые были рядом со мной, это был наглядный, живой пример, как надо успешно трудиться.

Со своими 4 выпускниками был на приеме у Генерального директора господина У.Чженьхуа. После собеседования с выпускниками он обещал их принять на работу в качестве операторов центрального пульта, стартовая заработная плата – 200-220 тыс. тенге.

В настоящее время в пос. Састобе владелец ТОО «Стандарт Цемент» профессор С.С. Сейтжанов начал строительство громадного инновационного комплекса по производству 1 млн тонн высокомарочного цемента, 400 тыс. т строительной извести, 120 тыс. т карбида кальция, 120 тыс. т соды, 100 тыс.т ПВХ. Основным сырьем для всех этих продуктов является известняк. Благо, запасов качественного известняка в этом районе достаточно. Некоторые из этих продуктов мы импортировали из-за рубежа, собственное производство таких материалов даст значительный толчок развитию других предприятий Казахстана вследствие импортозамещения.

Будут созданы тысячи новых рабочих мест, на инженерно-технические должности потребуются сотни выпускников цементников, инженеров ХТНВ, органических веществ, механиков, энергетиков, строителей, экологов, специалистов по полимерным материалам, автоматике, компьютеризации, IT – технологии, БЖД и др.

Остается от всего сердца пожелать Серикжану Сейтжановичу в срок запустить новые заводы, а нашим выпускникам успешной защиты дипломных проектов и работ, трудоустройства на хороших предприятиях и плодотворной работы на благо Республики Казахстан.

Желающих продолжить обучение приглашаем в магистратуру.

Успехов Вам – выпускники 2022 !

В 2022 году кафедру «Технологии цемента, керамики и стекла» успешно заканчивают 30 выпускников, 16 из них учились по специализации «Технология цемента». Руководство нашей Республики производству цемента уделяет большое внимание, поскольку цемент является хлебом строительства. В настоящее время в Казахстане работает 17 цементных заводов, 14 из них – это современные экономичные заводы сухого способа мощностью от 1 до 2 млн тонн продукции в год. Планируется построить еще три завода в Састобе, Актобе и Жамбылской обл. В 2021 году выпущено 12 млн 649 тыс. т цемента.








**Доктор техн. наук, профессор кафедры «Технологии цемента, керамики и стекла»**
**Таймасов Б.Т.**
**На заводе ТОО «Компания Гежуба Шиели Цемент»**

# МҰҒАЛІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ДАҒДАРЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ.

Дағдарыс сөзі көне грек тілінен аударғанда шешім, бетбұрыс деген мағынаны білдіреді. Дағдарыс жағдайының дамуы критикалық жағдайларға, яғни адам қандай да бір себептермен өзінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, бар мотивтерді, ұмтылыстарды, құндылықтарды жүзеге асыра алмайтын жағдайларға негізделген.



Дағдарыс кезеңдерінде сәтті өмір сүру адам бойында маңызды ерікті қасиеттердің, мақсаттылық, құзыреттілік және әлеммен сенімді қарым-қатынас орнату қабілетінің пайда болуына ықпал етеді.

Дегенмен, осы жұмыста зерттелген мәселенің аясында жетілу кезеңдері көбірек қызығушылық тудырады (Э. Эриксонның терминологиясы бойынша)

Бірақ біз үшін ең қызықтысы - егжей-тегжейлі кезеңдері, оны Э.Эриксон «жетілу» кезеңдері деп атайды.

20-25 жаста адамның басты міндеті - тұлғааралық қарым-қатынаста өз орнын табу. Дағдарыстың өтуі жақындықты табумен, орнатумен немесе адамның оқшаулануымен байланысты болуы мүмкін. Психологиядағы жақындық - бұл басқа адамдармен тығыз, сенімді қарым-қатынас орнату, басқаларға эмоционалды эмпатия жасау, ашық болу және өзін басқа адамға сене білу. Шын мәнінде, бұл адамның өмірінде махаббат туады, бір-біріне деген қамқорлық қарым-қатынастар орнатылады, өзіне және серіктесіне құрмет пен жауапкершіліктің орны жоғары.

26 жастан 64 жасқа дейінгі кезеңдегі орташа жетілу дағдарысы өмірлік оқиғаларға өнімді, шығармашылық қатынасты дамытумен байланысты. Қарама-қарсы полюс - инерция және тоқырау. Бұл кезең тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасайды. Егер адам психологиялық тұрғыдан сау болса, онда ол тек қана қажеттіліктер шегінен шығады, адам өзін қоршаған әлем үшін өзінің жауапкершілігін сезінеді, басқаларға қамқорлық жасау қабілетін, тілегін және міндетін сезінеді. Қамқорлық, Эрик Эриксонның пікірінше, апатияға, немқұрайлылыққа, өзін-өзі сіңіруге қарама-қайшы.

Кеш жетілу дағдарысы 65 жастан басталып, адам өмірінің соңына дейін созылады. Бұл дағдарыс



адамды өткен жылдардың естеліктеріне, бағалауларына жүгінуге мәжбүрлейді.Адам өткен жылдарды сараптайды, жинақталған тәжірибесін таразылайды, еске түсіреді, бағалайды және мұның бәрі адамды өзінің болашағынан әлдеқайда көбірек толғандырады. Бұл дағдарыстың оңды өмір сүруі осы талдаудың нәтижесі алынған даналық сезімі, өмірдің лайықты және толық өткенін сезінуімен байланысты. Адамның өлімге деген байсалды көзқарасы болуы да маңызды. Жетілу дағдарысының қолайсыз өмір сүруімен, өмір сүрген жылдар көптеген қателіктер немесе іске асырылмаған мүмкіндіктер ретінде қабылданады; адам өткен жылдарды қайтарып, бір нәрсені басынан бастауға тырысу мүмкін еместігіне өкінеді, ал уақыттың азаюы өлім қорқынышын арттыратын фактор ретінде әрекет етеді.

Кәсіби дағдарыстар кәсіби дамудың құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіби қызметтегі дағдарыстардың өзіндік өмір сүру кезеңдері, даму детерминанттары және ерекше белгілері болады.

Кәсіби дағдарыстардың даму факторлары мыналар болып табылады (Э.Ф. Зеер):

1. Қолданыстағы лауазымына және әлеуметтік жағдайына қанағаттанбау салдарынан шектен тыс кәсіби қызмет.

2. Әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың салдары, нәтижесінде жұмыс орындары қысқарады, кәсіпорындар таратылады немесе адам тұрғылықты жерін ауыстырады.

3. Ауру, жарақат, жасқа байланысты денсаулық жағдайындағы психофизиологиялық өзгерістер; жұмыс қабілеттілігінің төмендеуі, эмоционалды күйіну синдромының дамуы, кәсіби деструкция.

4. Жаңа қызметке тұру, бос лауазымға орналасу конкурстарына қатысу, біліктілігін арттыру, аттестациялау және т.б.

5. Кәсіби міндеттерді орындаумен айналысу.

6. Өмірдегі басқа өзгерістер (жұмыс үзілісі, декреттік демалыс және т.б.).

Дағдарыс адамның өз құзыреті мен кәсіби әлсіздігінің бар деңгейінің жеткіліксіздігі туралы толық түсінбеуінен туындауы мүмкін.

Педагогтардың кәсіби қызметіндегі дағдарыстар психологтардың кәсіби дағдарыстарына көп жағынан ұқсас деп есептейміз.

Мұғалімдер арасындағы кәсіби дағдарыстың көріністерін атап өткен жөн:

- Педагогикалық агрессияның пайда болуы. Мүмкін себептері: жеке психологиялық сипаттамалар, психологиялық қорғаныс механизмдерінің салдары, атап айтқанда, проекция; әдеттегі мінез-құлық үлгілерінен кез келген, соның ішінде болмашы ауытқулардың пайда болуымен байланысты фрустрациялық төзімсіздік.

- Педагогикалық авторитаризм. Пайда болу себептеріне қорғаныс механизмі ретіндегі рационализация, өзін-өзі асыра бағалау, үстемдік, студенттерді түрлерге бөлу жатады.

- Педагогикалық демонстративтілік, оның пайда болу себептеріне мыналар жатады: психологиялық қорғаныс механизмі - сәйкестендіру, жоғары өзін-өзі бағалау, эгоцентризм, импульсивтілік, истерикалық көріністер.

- ойлау стереотиптерімен, сөйлеу үлгілерімен, кәсіби қызығушылықтардың барлық басқа қызығушылықтардан басым болуымен байланысты дидактикалық.

- Педагогикалық қызметтегі догматизм: ойлау стереотиптері, жасқа байланысты интеллектуалдық инерция.

- Үстемдік. Ол конгруенцияның, эмпатияның болмауымен байланысты, белгілі бір жағдайларға реакцияда кейбір сәйкессіздік байқалады, оқушылардың кемшіліктеріне төзбеушілік байқалады; мінездің немесе темпераменттің айқын акцентуациясының болуы.

- Педагогикалық немқұрайлылық: қорғаныс механизмі – жаттанушылық, эмоционалды күйіп кету синдромының көрінісі, адамның кәсіби тәжірибесінің жағымсыз жақтарына назар аудару.

- Педагогикалық консерватизм: қорғаныс механизмі – рационализация, кәсіби іс-әрекеттегі стереотиптердің пайда болуы, әлеуметтік кедергілердің орнығуы, педагогикалық міндеттерге ұзақ уақыт жүктелу, созылмалы шаршау.

- мінез-құлық стереотиптері, кәсіби іс-әрекетке толықтай ену, жанқиярлық еңбек, қатаңдық түрінде көрінетін рөлдік экспансионизм.

- Әлеуметтік екіжүзділік: қорғаныс механизмі – моральдық мінез-құлықтың проекциясы, стереотипі, өмір тәжірибесінің жас идеализациясы, әлеуметтік күту, яғни әлеуметтік-кәсіби жағдайға бейімделудің сәтсіз тәжірибесі.

- Мінез-құлық трансферті. Қорғаныс механизмі - бұл проекция, яғни студенттерге тән реакциялардың көрінісі, атап айтқанда, өрнектерді өз сөздік қорында қолдану және студенттердің мінез-құлқын қабылдау.

Педагогикалық дағдарыс пен кәсіби реабилитацияны шешудің мүмкін жолдары ретінде Э.Ф.Зеер мыналарды атайды:

1) маманның әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыру;

2) жүйелі диагностика арқылы кәсіби деформацияларды бақылау, сондай-ақ кәсіби деформациялар мен бұзылуларды еңсерудің жеке жоспарын әзірлеу;

3) тұлғалық және кәсіби өсу бойынша тренингтерден өту;

4) кәсіби даму перспективаларын талдау, мансаптық өсу стратегиясын құру;

5) жаңадан бастаған маманның кәсіби бейімделуінің алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

6) эмоционалдық-психологиялық жағдайды өзін-өзі реттеу және тұрақтандыру, өзін-өзі түзету және кәсіби деформациялардың алдын алу әдістерін меңгеру;

7) біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттыру, жаңа біліктілік санатына немесе лауазымға кезеңді түрде көшу.

Кәсіби дағдарыстарды зерттеудің негізгі теориялық тәсілдерін зерттей келе, жас және тұлғалық дағдарыстар кәсіби дағдарыстарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады деп айта аламыз. Кәсіби дағдарыстар кәсіби өзін-өзі анықтауға, кәсіби қызметте өзіндік сананы дамытуға пайдалы болуы мүмкін. Мамандық жеке тұлғаның шығармашылық дамуына, шын мәнінде маңызды жеке және әлеуметтік мәселелерін шешуге, сондай-ақ мұғалімнің өзін-өзі жан-жақты дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға тамаша мүмкіндік береді.

Педагогтың кәсіби саласындағы дағдарыстық жағдайлар – кәсіби табысты өсуге қауіп төндіретін оқиғаларға өткір ауыр реакция. Өмірлік жағдайларды дағдарысты басқарудың жеке жоспары кәсіби дағдарыстың дамуын бір немесе басқа дәрежеде ушықтыруы немесе әлсіретуі мүмкін және бұл туындаған дағдарыстық жағдайды қарастыру кезінде ескерілуі керек.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, кәсіби дағдарыс – кәсіби дамудың ұзақ уақытқа созылған, бірақ жасырын қарама-қайшылықтарының өткір көрінісінің фактісі.

Кәсіби дағдарыстың пайда болуының алдындағы кезең кәсіби дағдарыстың басталу кезеңі ретінде анықталады. Бұл эмоционалдық күйіну синдромы белгілерінің жоғарылауымен динамикалық түрде байланысты кезең.

Ғылыми әдебиеттердің теориялық талдауы егжей-тегжейлі қарастыруды қажет ететін әртүрлі зерттеушілердің кәсіби дағдарысты түсінуіндегі бар айырмашылықтарды көрсетеді.

**Шоманбаева А.О., Ауелова Қ.Е., Жандабаева И.С.**



# Мұнай және газ кен орындарын пайдалану мамандықты дұрыс таңдаудан басталады



М.Әуезов тындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінде, «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша, колледжімізде мұнай-газ саласы бойынша, еліміздің экономикасында жетекші рөл атқаратыны барлығымызға белгілі. Еліміздің жерінде көмірсутек шикізатының үлкен қорлары бар, әзірленіп, өндірілетін топ-елдердің тізбесіне кіреді. Сондықтан, ел экономикасының мұнай-газ секторы әрқашан жоғары білікті мамандарға мұқтаж.Энергетика және мұнай-газ индустриясы факультеті «Мұнай-газ ісі» білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлаудың үш деңгейі бойынша оқытады. Мамандарды даярлау үшін бізде білікті маман оқытушылар құрамы бар, оқыту үшін өндірістік кәсіпорындардың өкілдері тартылады. Мамандық бойынша, мұнай инженериясы, бұрғылау, бұрғылау және тампонаж ерітінділері, механика және жалпы гидравлика, мұнай және газ кен орындарын қолданбалы модельдеу зертханаларымен жабдықталған. Колледжде еліміздің көптеген ірі мұнай-газ компанияларымен белсенді ынтымақтастық жасайды, оларды білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеуге, студенттер практикасын ұйымдастыруға, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін тартады.

Колледж сонымен қатар APEC PetroTechnic жоғары колледжінің түлектеріне қысқартылған оқудан өтіп, орта кәсіптік дәрежеде диплом алуға мүмкіндік береді. Колледж келісім шеңберінде «өнеркәсіптік жобаларды басқару және инжиниринг» білім беру бағдарламасы бойынша орта кәсіптік маман иелерін дайындайды.

Колледж түлектері еңбек нарығында әрдайым сұранысқа ие және мұнай-газ өнеркәсібі жұмыс берушілерінің сұраныстарына жауап береді.

Сіздермен бірге біз колледждің негізгі миссиясында – мұнай-газ саласында қажетті білімі мен құзыреттілігі бар кадрларды даярлауда және еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде жоғары жетістіктерге қол жеткіземіз!

* Білім алушылар мен оқытушыларды білім беру мен даму жоспар бойнша, сондай-ақ тұлғалық деңгейде қанағаттанатын;

* Шығармашылық және қалыптан тыс көзқарастың әрдайым құпталып, қарастырылатын;

* Білім алушылар өмірі мен оқуы үшін барлық ыңғайлы және тиімді жағдайлар жасалған орын. Білім алушылар мен оқытушылар зертханалық жаңа буын жабдықтарына, электрондық кітапхананың жаңа ресурстарына қол жеткізе алады.

* Білім алушылардың академиялық алмасу бағдарламасына қатыса отырып, халықаралық оқу тәжірибесін алуға және мұнай-газ секторының жетекші компанияларында тағылымдамадан өтуге мүмкіндігі бар.

* Колледжің білікті мама-оқытушылық құрамы үнемі өзінің оқыту әдістері мен модельдерін жетілдіріп отырады, индустриядағы соңғы трендтер мен жаңалықтарды қадағалайды. Көшбасшылық қабілет пен қалыптан тыс ойлауы оларға қиындықтарға қиналмай қарсы тұруға және келешекке сеніммен қарауға мүмкіндік беретін мұнайшы-инженерлерді шығару. Бойында кәсіби дағдылардың тұрақты іргетасы қаланған студенттерді IT - және бизнес-басқару мәселелерінде құзыретті етіп, саланың кез келген бағытында әмбебап қызметкер болуға жеткізу.

Біздің оқу жоспарымыз білім алушылардың оқуды аяқтау кезінде саланың өзекті мәселелерін шешу және көп бейінді бір топта жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдыларға ие болатындай етіп құрастырылған. Оқуды аяқтағаннан кейін түлектер геология, геофизика, бұрғылау, өндіру процесі, қабаттарды әзірлеу және үлгілеу, қабаттарды гидродинамикалық зерттеу, ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау сияқты барлық мамандықтарды білетін болады. Жалпы, оқыту бағдарламасы білім алушылардың математикалық білімі мен аналитикалық ойлау дағдысын игеруін көздейді, өйткені пәндер терең есептерді орындауды талап етеді.

Оқытудың алғашқы екі жылы– тілдер, тарих, философия және инженерлік – математика, физика, химия, термодинамика, гидравлика сияқты жалпы білім беретін пәндерге арналады. Үшінші және төртінші курстарда білім алушылар мұнай инженериясы пәндерін тереңдетіп оқиды. Жұмыс оқу жүктемесі бір семестрде 6-7 пәнді, 3 жылдық тәжірибені және дипломдық жобаны қорғайды. Біздің бағдарламаның түлектері тек Қазақстанда ғана емес, еліміздің басқада облыстарындағы ашылған компанияларда жұмыс істеуге қабілеттері ашылады. Біздің көптеген оқытушылар-бай өндірістік тәжрибеге ие кәсіби шеберлер. 2021 жылдан бастап студенттер өздерінің көшбасшылық қабілеттерін көрсетуге және командада жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндік алады.

Колледжде білім алушылар төрт жыл бойы білім алу жолында дағдыларды игереді:

* Үш тілдік коммуникацияның үздік дағдылары (қазақ, орыс және ағылшын);

* Жобалық басқару курсынан өтіп және топтық жобаларға қатыса отырып, командалық жұмыс дағдыларын дамыту;

* Математикалық бағыттағы бес пәннен өту нәтижесі ретінде тамаша математикалық қабілеттер;

* Үздік инженерлік дағдылар, жүйелі және сыни ойлау, аналитикалық ойлау қалпы;

* Мұнай-газ индустриясын және оның барлық пәндерін терең түсіну: геология, геофизика, қабаттарды әзірлеу, модельдеу;

* Колледж қабырғасында алған жоғары моральдық және тұлғалық құндылықтар.

Колледжді бітіргеннен кейін жас мамандар өз мансабын келесі компанияларда бастай алады:

* ҚазМұнайГаз

* Теңізшевройл

* Атырау мұнай өңдеу зауыты

* Павлодар мұнай-химия зауыты

* ПетроҚазақстан Оверсиз Сервисез Инк.

* Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг

* ҚазТрансОйл

* Halliburton

Инженерлік мамандық бойынша дипломға ие және мұнай-газ индустриясында мансапқа мүдделі адамдардың, сондай-ақ өз білімдерін тереңдетуге ниет білдірушілердің болашақта «Мұнай инженериясы» магистрлік бағдарламасына түсуге мүмкіндігі бар. Ол білім алушылардың тереңірек және жоғары деңгейдегі проблемалармен жұмыс істеуге дайындайды. Ғылым мен зерттеулерде өз таңдауын тапқан адамдар «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша докторантурада оқуын жалғастыра алады. Осы үш жылдық бағдарламаны өту кезінде білім алушылар теориялық курсты оқып, зерттеу жүргізуге назар аударады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін олар университеттің оқытушылық құрамына қосыла алады немесе қандай да бір компанияның зерттеу және әзірлеу орталығында жұмыс істей алады.

Бұл орайда қазіргі кәсіби білім беру жүйесінде өзекті болып жүрген дуалды білім беру жүйесін де оң пайдалану қажет. Яғни өндіріс пен оқу орнының арасындағы байланыс олардың кәсіби білігі турасындағы жетілуін ғана қамтамасыз етпей, арнаулы сала тілінің біріздену іне, ақпарат пен білімнің ортақ бір тілдік база негізінде беріле отырып дамуына жағдай жасайды деп білеміз.

Мұнай және газ өндіру операторы мұнай мен газ өндіру әдістері кезіндегі технологиялық процестерді жүргізеді, қызмет көрсетеді, жабдықтар мен механизмдерді бөлшектеп, жинақтайды.. Скважина жұмыстарының белгіленген режімін сақтап, газ дайындаудағы кешенді қондырғылардың, топтық өлшеу қондырғыларының, газды жерасты сақтау станциялары және басқа нысандардың жұмыстарын жүргізеді. Мұнайкәсіпшілігі жабдықтары мен арматуралардың механизмдерін жинайды және әзірлейді, жөндейді. Жерасты және жер үсті скважиналарының жоғары қысымын бумен өңдейді. Бақылау және автоматика құралдарының көрсеткіштерін анықтайды. Скважиналар мен басқа да мұнай кәсіпшілігі скважиналары жұмыстарындағы ақаулықтар жөнінде оператолар мен жетекшілерге ақпарат береді. Газлифтілі скважиналар коммуникацияларына техникалық қызмет етеді. Болашақ маман иелерін біздің оқу орнымызға оқуға шақырамыз. Талапкерлер «мұнайшы» болуға асық.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі, «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығының оқытушысы, Айтуреева Н.П.**

# Халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз

Бүгінде жер шарында 7,5 млрд-қа жуық адам бар екенін ескерсек, 2050 жылы бүкіл әлемдегі тұрғындар саны 10 млрд-тан асып кетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде дүние жүзінде азық-түлікке деген сұраныстың арта түсетінін білдіреді. Ал өкінішке қарай, адамзат баласының көбеюімен салыстырғанда азық-түлік өндіру көрсеткіші екі есеге төмен көрінеді. ЮНЕСКО тарапы 2022 жылға қарай тамақ өнімдеріне деген сұраныс 85 пайызға өседі деп болжауда. Бұл жағдаяттар болашақта әлемдік ауқымдағы саясатта азық-түлік өнімдерін молынан экспорттаушы мемлекеттердің ықпалы күшейетінін ұқтырады. Ал қазіргі таңда 18 миллионнан астам тұрғыны бар, 2050 жылға қарай халқының саны шамамен 25 миллионнан асып қалуы мүмкін Қазақстан келешекте азық-түлік өнімдерін экспорттаушы негізгі елдердің қатарынан көріне ала ма?

Халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету ісі қазіргі таңда күн тәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі. Бұл саладағы түйткілдер XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында халықаралық қоғамдастықты шындап ойландыра бастады. Әсіресе 2008 жылы орын алған дағдарыс азық-түлік қауіпсіздігі саласына жаңаша көзқарас қажет екенін ұқтырды. Осы дағдарыс кезінде тамақ өнімдерінің құны бірнеше есеге өсіп, көптеген елдерде әлеуметтік толқулар болды. Бұл азық-түлік мәселесін шеше алмаған елдерде саяси-әлеуметтік тұрақтылық болмайтынын, мұның соңы түрлі кикілжіңдерге ұласып, ақырында жаһандық қауіпсіздікке нұқсан келтіретінін білдіреді...



Экономикалық дамуында ауыл шаруашылығы саласын негізгі күш ретінде қарастыратын Қазақстан бүгінде азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты жаһандық ауқымдағы жауапкершілікті терең сезінуде. Бұл орайда біздің еліміз өзінің ішкі сұранысын қанағаттандыра отырып, әлемдік азық-түлік саласын жақсартуға өз үлесін қосуға ниетті. Аталған бағытта Қазақстан бірқатар шаралар қабылдап, өзіндік қам-харекетін жасауда. Мәселен, елімізде 2009 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Онда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осы салаға қатысты қауіп-қатерлердің алдын алу, өндірушілер арасында тең бәсекелестік ортаны құру сынды мәселелер айқындалды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алқалы жиындарда азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселеге баса назар аударып келеді. Мысалы, «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезінде Н.Назарбаев: «Бізге бүкіл әлемде азық-түлік тауарларына деген сұраныстың өсуін және бағаларының артуын ескере отырып, аграрлық секторды технологиялық қайта жарақтандыруға және кең ауқымды жаңғыртуға қайта бағдарлану қажет», деген еді. Осы орайда бүгінде елімізде қуатты аграрлық-индустриялық база құруға жол ашылып отыр. Саланы жаңа техникамен және технологиялармен жабдықтау шаралары жүйелі түрде жүргізілуде. Осы жұмыстар бүгінде Қазақстанды астық экспорттаушы ірі елге айналдырды. Ал сыртқа ұн экспорттаудағы жетістіктеріміз жаман емес.

Бүгінде азық-түлік тапшылығы әлем бойынша басты сын-қатерлердің алғашқы үштігі қатарына енгізіліп отыр. Бұл негізсіз емес. Өйткені қазіргі кезде миллиондаған адамның аштыққа ұшырап, миллиардқа таяу жан ас-судың үнемі жетіспеушілігінен зардап шегіп отырғаны аталған саладағы түйткілдердің аса маңызды екенін көрсетеді. Осы жағдаяттар астық дақылдарын экспорттаушы, экологиялық таза тағам өнімдерін өндіре алатын, ауыл шаруашылығы өнеркәсібінің мүмкіндігі мол Қазақстанды алаңдатпай қоймайды. Сондықтан Үкімет «Агробизнес-2020» бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама бойынша АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 4,5 есе арттыру мақсаты көзделіп отыр. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы бағытына инвестиция тартуға да маңыз берілуде. Бұл салаға инвестицияны молынан тарту Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттырады.

Жалпы, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, экономиканы табысты дамытудың негізгі шарттарының бірі. Осы орайда елімізді орнықты дамыту, ұлттық тұтастығымызды сақтау үшін азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелері «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңда бекітілген. Бұл азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту ісінде басты назарда тұратынын білдіреді.

Канадада халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін «азық-түлік банктері» жүйесі қызмет көрсетеді. Бұл жүйе бойынша жергілікті 450 азық-түлік банкі жұмыс істеуде. Осы жүйенің арқасында 900 мыңға жуық канадалық тағам өнімдерін алады.

АҚШ-та күнкөрісі төмен халықтың азық-түлікке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оңтайлы тәжірибелер қолданылуда. Егер бұл елде отбасының кірісі кедейшіліктің деңгейінен 130 пайыз төмен болса, отбасы мүшелері арнайы электронды карталар арқылы жүзеге асырылатын, азықты жеңілдікпен сатып алуға мүмкіндік беретін «SNAP» деген бағдарламаға қатыса алады. Бұл бағдарлама АҚШ халқының 45 миллионға жуығын қамтитын көрінеді.

Еуропалық одақ елдеріне келер болсақ, мұнда тағам өнімдерінің қауіпсіздігі стандарттарының талаптарын сақтау жоғары деңгейде жолға қойылған. Қазіргі таңда Еуропалық одақ елдері азық-түліктің мол қорына ие.

Бүгінде 30 мемлекет азық-түлік зәрулігін қатты сезінуде. Сондай-ақ жаһан бойынша созылмалы аштық дертіне ұшырап отырғандардың саны 1 млн адамға жуықтайтын көрінеді. Саладағы осы жағдаяттар әлемдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайдың ауырлап кетуіне апарады.

Бұл мәселелерді әрі қарай өрбіте сөйлесек, азық-түлік тапшылығының белең алуына негізгі себепті халық санының өсе түсуімен ғана байланыстыра қарастыру біржақты көзқарастың төңірегінде шиырлатып қояды. Сондықтан осы арада ауыл шаруашылығы бағытында мүмкіндіктері мол көптеген елдердің саланы дұрыс игере алмауы, аграрлық секторды озық технологиямен жабдықтауда кенжелеп келе жатқаны азық-түлік тапшылығының туындауына өзіндік зор әсерін тигізіп отырғаны қаперде болғаны жөн. Қазіргі таңда әлемдік ауқымдағы азық-түлік тапшылығы мәселелерін шешуде Қазақстанның аса маңызды рөлі биік мінбелерде аз айтылып жүрген жоқ. Еліміздің осы тұрғыдағы мүмкіндіктері сөз болғанда, ең алдымен агроөндіріс кешенін дамыту үшін шешуші мәнге ие жеріміз бен табиғи мол ресурстарымыз әңгіме арқауына айналады. Содан кейін саланың мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болып отырғаны, инвестициялардың көптеп тартылуы айтылады. Бүгінде осы аталған артықшылықтар соңғы жылдары елімізді астық пен ұн экспорттауда көшбасшы елдер қатарына қосты. Бұл жөнінде нақтылай сөйлесек, астық экспорттаушы үздік 10 мемлекеттің арасындамыз. Еліміз өзге мемлекеттерге жыл сайын 8 млн тонна астық жөнелтеді. 2017 жылы елімізде жиналған астықтың жалпы көлемі 20,6 млн тоннаға жетуі біздің әлеуетіміздің ешкімнен кем емес екенін білдіреді. Ол ішкі сұранысты қамтамасыз етуге де, сыртқа шығаруға да жетеді. Тағы бір айта кетер жайт, соңғы 4 жыл бедерінде еліміздің дурум бидайының экспорттық үлесі 280 мың тоннаға (2014 ж. – 170 мың тонна, 2017 ж. – 450 мың тонна) ұлғайған. Қазақстан ұн экспорттауда да алдыңғы қатарда тұр. Біздің ұнымызды негізінен Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Ауғанстанға импорттайды.

Бүгінде өз бидайын 35 елге жеткізіп отырған Қазақстан тасымалдау



жүйесіне де баса назар аударып, көлік-логистика саласын әртараптандыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізді. Бұл шаралардың нәтижесінде еліміздің халықаралық нарыққа шығу мүмкіндіктері молайып, өзінің ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауы еселей түсуде. Бұған мысал ретінде Ақтау, Баку порттарында салынған астық терминалдарының қызмет көрсетіп тұрғанын, Иранға Түрікменстан арқылы өтетін темір жолдың да құрылысы аяқталуға жақын қалғанын, Қорғас шекарасы арқылы өтетін темір жол ел мүмкіндіктерін арттыруда.

Осы арада Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты да бірер сөзге кезек бере кетейік.

Жалпы, азық-түлік қауіпсіздігіне Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттер өте сергек қарап отыр. Аймақ елдерінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіндегі түйткілдер түрлі сипатқа ие. Сондай-ақ ұқсас тұстары да бар. Олар: теңізге шығатын жолдың жоқтығы, қоғамдық институттардың әлсіздігі, климаттық жағдайдың қатаңдығы, су көздеріне қатысты түйткілдердің болуы. Бұл жерде астықты сырттан алатын Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан секілді елдердегі жағдай халықаралық қоғамдастықтың басты назарында тұр.

Әлемдегі азық-түлік мәселесін көріп отырған Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттер де бұл жағдайға назар аудара бастады. Аймақ елдерінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіндегі түйткілдер түрлі сипатқа ие болуда. Сондай-ақ ұқсас тұстары да бар. Олар: теңізге шығатын жолдың жоқтығы, қоғамдық институттардың әлсіздігі, климаттық жағдайдың қатаңдығы, су көздеріне қатысты түйткілдердің ондаған жылдар бойы шешімін таппай, созылуы. Бұл жерде астықты сырттан алатын Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан секілді елдердегі жағдай халықаралық қоғамдастықтың басты назарында тұр. Осы ретте өзбек ағайындардың бау-бақша өнімдерін молынан өндіретін жылыжайларды көптеп салғаны біздің елге де үлгі болса қанеки. Мұндай үрдіс оңтүстік облыстарда дұрыс жолға қойылғанымен, өзге аймақтарда әлі мардымсыз болып тұрғаны өкінішті.

Қазіргі таңда өз бидайын 35 елге жеткізіп отырған Қазақстан тасымалдау жүйесіне де баса назар аударып, көлік-логистика саласын әртараптандыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізді. Бұл шаралардың нәтижесінде еліміздің халықаралық нарыққа шығу мүмкіндіктері молайып, өзінің ауылшаруашылығы өнімдерін экспорттауы еселей түсуде. Бұған мысал ретінде Ақтау, Баку порттарында салынған астық терминалдарының қызмет көрсетіп тұрғанын, Иранға Түрікменстан арқылы өтетін теміржолдың да құрылысы аяқталғанын, Қорғас шекарасы арқылы өтетін теміржол ел мүмкіндіктерін арттыруда.

Азық-түлік проблемасы бүкіл әлемнің мемлекет жетекшілерінің, экономистерінің, экологтары мен кәсіпкерлерінің назарын өзіне аударуда. Азық-түлік тауарларының жетіспеушілігі, ең біріншіден, оның бағасын көтереді. Бұл заңды экономикалық құбылыс. Тапшы нәрсенің құны әрқашанда құны жоғары болады. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Бүкіләлемдік Банк, Халықаралық Валюта Қоры, Бүкіләлемдік азық-түлік бағдарламасы және ауылшаруашылығы ұйымы алдағы уақытта әлемдік қауымдастықты азық-түлік дағдарысы күтіп тұрғанынан хабардар етті. Қазіргі таңда астықтың әлемдік бағасы 181%, ал басқа азық-түлік өнімдерінің бағасы – 83%-ға артқан. Сарапшылардың пікірінше, ауылшаруашылығы азық-түлік өнімдеріне баға әлі де жоғары деңгейде қала бермек. ЮНЕСКО-ның мәліметіне сүйенсек, азық-түліктің жеке түрлері бойынша, мысалы, соя – 87%, күріш – 20%-ға қымбаттаған.

Еліміз өзге мемлекеттерге жыл сайын 8,5 миллион тонна астық жөнелтеді. 2021 жылы елімізде жиналған астықтың жалпы көлемі 20,9 млн тоннаға жетіп, рекордтық көрсеткіш орнап, біздің әлеуетіміздің ешкімнен кем емес екенін тағы бір дәлелдеген. Ол ішкі сұранысты қамтамасыз етуге де, сыртқа шығаруға да жетеді. Қазақстан ұн экспорттауда да алдыңғы қатарда тұр. Біздің ұнымызды негізінен Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Ауғанстан мемлекеттері тұтынуда.

Бұл құбылыс, тек қана күріш өндірісінің өсу қарқынынан, оны тұтыну қарқынының артуымен емес, Қытай, Үндістан, Вьетнам, Индонезия және Египет секілді ірі өндірушілердің ішкі тұтыну көлемінің өсуі мен күріш экспортын шектеу шараларымен байланысты. Азық-түлік проблемасы Оңтүстік Азия мен Африканың дамушы едерінің ғана дамуын қиындатқан жоқ, сонымен бірге дамыған елдерге де теріс әсер етті. Ал қазіргі таңда әлемде жүріп жатқан пандамия азық-түлік қауіпсіздігін одан ары күрделендіріп жіберді. Осындай жағдайда еліміз Үкіметі мен аймақтар әкімдері азық-түлік қорын үнемі бақылауда ұстап, қымбатшылықтардың алдын алуы тиіс.Қорыта айтқанда, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстанға артылар жауапкершілік зор. Қазіргі таңда халықаралық қоғамдастық адамзат алдындағы осынау жауапкершілікті дұрыс сезініп отырған еліміздің мүмкіндіктерін жоғары бағалап, үлкен үміт артып отыр. Ал Қазақстан ауыл шаруашылығы саласын экономикамыздың драйвері ретінде танып, өз әлеуетін арттыра бермек.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің "Экономикалық теория" кафедрасының магистр, аға оқытушысы Оспан Бағдатбек Ілесбекұлы**

# Коррупции - нет!



**Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции мешают экономическому развитию, негативно отражаются во всех отраслях, снижают статус страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. Потому и борьба с коррупцией является основным приоритетом для нашей страны.**

Для Казахстана борьба с коррупцией является одним из главных приоритетов государственной политики.

Президент Казахстана, неоднократно подчеркивал, что без участия общества нельзя победить коррупцию.

В Посланиях Президента народу Казахстана красной линией проходят задачи, направленные на предупреждение коррупции и вытекающие из цели административной реформы - упрощения системы государственного управления.

И ни для не секрет, что борьба с этим злом продолжается в наше вузе. Сейчас в стенах вуза идет сессия. Руководство вуза очень тщательно оповещает о том, что такой проступок не должен иметь место.

13 мая 2022 года для прокторов, на чью совесть возлагают работу по контролю при проведении весенней сессии 2021-2022 учебного года, было организовано собрание в учебном заведении им.М. Ауэзова

В ходе работы, проректор по академическим вопросам Р. Абишева, директор Центра обслуживания студентов А. Болысбек, руководитель антикоррупционной комлпаенс-службы Г. Дулатова ответили на все вопросы, связанные с организацией и проведением сессии. Были разъяснены правила академической честности, правила внутреннего распорядка, этический кодекс и нормы антикоррупционного стандарта. Дополнительно были сообщены такие каналы обратной связи, как» блог ректора«,» телефон доверия», 1424,

**Преподватели кафедры « Русский язык и литература» Бахтибаева Ф.А. Калбаева А.Т. Ерметова Р.Е.**

# Родом из КазХТИ

В этом году Ахметжанова Гульмира Ануашевна, к.ф.н., доц. каф «Русский язык и литература», завершает 45-ый учебный год работы в ЮКУ имени М.Ауэзова.

Ахметжанова Г.А. - с 1977 по 2022 год - преподаватель кафедры русского языка и литературы ЮКУ имени М Ауэзова (КазХТИ, ЮКТУ, ЮКГУ им. М Ауэзова). В 2007 году защитила диссертацию на соискание учёной степени кандидата филологических наук по теме «Соматическая фразеология как отражение национально-культурной специфики языкового сознания». Специальность 10.02.19 – теория языка. Автор более 100 научных работ и научно-методических трудов.




**М.Т.Шакенова - Гульмира Ануашевна, расскажите о себе.**

- Я родилась в Мерке Джамбулской области. Школа, алматинский вуз, 2 года работы в Мерке в родной школе имени Трубицына и затем в райкоме комсомола. После замужества переехала к мужу, Керимбаеву Лесу Жарилгасиновичу, в Шымкент, где он по направлению после окончания КазГУ работал на кафедре истории.

Сын Максут работает в КазахОйлАктобе ведущим специалистом транспортного отдела, дочь Айнура после окончания мединститута занимается бизнесом. Шесть внучек – моя надежда и источник неисчерпаемой радости.

**М.Т.Шакенова - Расскажите о самых памятных событиях Вашей бессменной работы в университете.**

- Ярче всего запомнился 1977 год, конец августа: меня приняли на кафедру иностранных языков КазХТИ. Жили в студенческом общежитии; первый этаж заселяли семьи преподавателей. Соседи - Мураталин Нурболат, Кадырбеков Бахтияр, Аманбаев Толеген, Турисбеков Сайляу, Камысбаев Дуйсек и многие другие, впоследствии ставшие докторами, профессорами, кандидатами наук - жили как одна большая семья.

Когда родился наш сын, мои соседи Кадырбековы выехали с тремя детьми в родную Первомаевку, оставив свою комнату для нас с ребенком. Нафиса, супруга Бахтияра, стала моим наставником на общей кухне: правда, после того, как я сварила курицу, не вытащив внутренности.

На кафедре тоже было много впечатлений. Моя первая завкафедрой Сокольская Нина Филипповна, мой первый ректор Мулдахметов Зейнулла Мулдахметович. Вообще, кафедра иняза состояла, как я теперь понимаю, из звезд, блестяще владевших английским, французским, немецким - настоящие Учителя... . Помню, как утром в слезах пришла на занятия вся зеленая Ганапольская. Ночью мыли руки и ноги, и она смазывала их в темноте по ошибке зеленкой, а не спиртом. С благодарностью вспоминаю Раису Ивановну Дунаеву, Элеонору Петровну Курепину - красавицу с васильковыми глазами, Нину Анатольевну Никитину, Лилию Сергеевну Шелест – высочайшего интеллекта человек, Беркович Елизавету Львовну, Кирилину Веру Даниловну, Жандарбекову Нуриду Шегебаевну, Солоха Клару Антоновну, Ольферт Эдиту Эдмундовну, Сухамбердиева Ашима Курманалиевича, Краснову Таисию Семеновну - остроумную красавицу, Арюкову Дилечку Хамзиевну – законодательницу мод в КазХТИ, Ворожейкину Людмилу Константиновну, Пушникову Валентину Васильевну, Гусаковскую Валерию Николаевну, Оспанову Хадишу Тулебаевну, Карибаеву Людмилу Даржиевну, Нурабаеву Алину Бахтияровну - в огромной шляпе, броских нарядах, поразивших мое провинциальное представление о вузовских преподавателях. Это были Личности с большой буквы.

**М.Т.Шакенова - Вы, как я знаю, были первой завкафедрой русского языка.**

- В 1979 году Молдабеков Шаяхмет Молдабекович создал отдельную кафедру русского языка, назначив меня завкафедрой. Но карьеры не получилось: маленький ребенок, муж в постоянных командировках, тогда уже работавший в обкоме партии. Вскоре я с облегчением передала бразды правления Розе Анатольевне.

Часто вспоминаю, как Шаяхмет Молдабекович проверял занятия в А корпусе: он просто шел по коридору, а если ловил взгляд преподавателя через дверное стекло – легонько кивал.

По работе много общалась с Шолпан Бакибулдаевной Тасыбаевой: она беспристрастно проверяла УМЛ и мгновенно находила недочеты. Я, смеясь, говорила ей, что у нее на кончиках пальцев распознавающее устройство.

Моими завкафедрами были А.Е.Кулумбетова – с обостренным чувством справедливости, Таукеев С.У. – ценитель и знаток художественного слова, Елибаева Р.Д. – мой любимая ученица, Кульбаева Феруза Тасполатовна – непревзойденный ас в документации, Еримбетова А.Т. – талантливый ярчайший человек, Яковенко Л.К. – замечательный педагог, высокий профессионализм которой признавал весь университет, Жумагулова Ж.Ж. – организатор от бога, Калдыгозова С.Е. – целеустремленный нынешний завкафедрой РЯиЛ.

С тех прошло 45 лет бессменного преподавательского труда в КазХТИ—ЮКТУ, ЮКГУ им М. Ауэзова – ЮКУ им М. Ауэзова. Но мне ближе первое название – КазХТИ. Я с гордостью представляюсь как преподаватель Теха – и все сразу понимают, о чем речь.

Со светлой печалью вспоминаю ушедших: Бахыт Махатовну Усупову, Шолпан Бакибулдаевну Тасыбаеву, Баян Кажигалиевну Бизакову, Розу Ажекову - мою дорогую подругу ...

Невозможно назвать всех, кто встретился мне на моем жизненном пути и остался в моем сердце.

Благодарю всех, с кем довелось поработать за эти годы.

**М.Т.Шакенова - Спасибо, Гульмира Ануашевна, за Ваше интервью. Я от себя лично хочу поблагодарить Вас и за участие в моей жизни: вы очень помогли мне, когда я, приехав в Шымкент, приступила к работе в ЮКГУ им. Ауэзова. Здоровья и исполнения всех надежд.**

**М.Т.Шакенова, к.ф.н. кафедры РЯиЛ ЮКУ им. М Ауэзова**



# «АДАМЗАТТЫҢ ТАЛ БЕСІГІ – ҚАЗЫҒҰРТ ТАУЫ»

Адамзат баласы өз өткенінен үйренеді, сол арқылы ертеңін болжайды, бүгінін таразылайды. Алғашқы қанат серпіні жасалған Азия даласы, оның ішінде түркі атаулының қара шаңырағы – қазақ байтағы қасиетті, әулиелі Қазығұрт. Ұлы дала – Қазақ даласы адамзат баласы жаралғаннан бері қилы-қилы заманалардың, әлемдік тарихтың өзегіне айналған небір айтулы оқиғалардың отаны болған кең байтақ кеңістік. Жұмыр жердегі құрлықтың 1,8 пайызынан артық көлемін алып жатқан бүгінгі Қазақстан Республикасының құтты қонысы – бұдан мыңдаған жыл бұрын қазақ этносын қалыптастырған бабаларымыз қазіргі Қазақ атты әлем таныған мемлекет. Әлемдік өркениетте өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі мен таным-тағылымы бар халықты талбесікте тербетіп, ұлтымыздың ақ отауын тігіп кеткен алтын аймақ.Ата-бабаларымыз мұраға қалдырған Ұлы даланың әрбір сынық сүйемі біз үшін жанымыздан да қымбат. Қазаққа қазақ жерінен құнды, қазақ жерінен қасиетті ештеңе жоқ. Қазығұрт тауы мен оған қарасты шуақты өлке ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін ел арасында атағы кең жайылған қасиетті, қадірлі, әулиелі бай өңір.



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының аясында жасалған Қазақстанның киелі орындарының географиясына «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» жобасына Қазығұрт тауы енгізілген. Шымкент қаласынан 35 шақырым оңтүстікте орналасқан. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 55 км-ге созылған. Ортаңғы биіктеу бөлігінің ұзындығы 22 км, енді жері 10 км. Ең биік жері жотаның шығыс бөлігінде орналасқан (1768 м). Әлемде кеңінен тараған аңыздардың бірі — Нұх пайғамбар кемесі туралы әпсана. «Киелі тау», «жержүзілік топансу», «Нұх пайғамбардың кемесі» жөнінде әлемдік мифологияда көптеген діни аңыз-әңгімелер бар. Олар негізінен иудейлік, христиандық, исламдық параллельдерден тараған. Исламдық параллель негізіндегі «Қазығұрттың басында кеме қалған» деген қазақы мифологиялық нұсқаның атап айтарлықтай өзіндік ерекшеліктері бар.

Осы уақытқа дейін тылсымның сырын ашпаққа ұмтылған адамзат баласы топан су қаптағанда Нұх пайғамбардың кемесі қайырлаған қасиетті мекенді іздеумен келеді. Жер бетіндегі пенделерін пиғылына қарай жазалап, пайғамбар кемесін паналағандар Алла тағаланың құдіретімен аман қалды деген дерек көктен түскен қасиетті төрт кітапта да айтылады. Сонымен Нұқ кемесі тоқтаған тау қайсы: еврейлердің Синайы ма, әлде армяндар айта беретін Араратьы ма, біздің Қазығұрт па? Қасиетті Құранда жазылған әл-Жуди қайда орналасқан. Бағамдап, талдап көрейік.

Аты аталғанда кез келген армян арқаланып шыға келетін Арарат тауы Түркия аумағында жатыр. XX ғасырдың басында осы таудан кемені өз көзіммен көрдім деген ағылшын зерттеушісі Джордж Хагопиан болатын. Кейін өзі көрген сол жерді есіне түсіре алмай ол да өмірден өтті. Тау басында кеме қалғанын дәлелдемекке ұмтылғанның тағы бірі Ресей авиаторы – Росковицкий еді. Ол да кеме қалған жерді айналып таба алмаған. Америка және түрік зерттеушілерінің еңбектері де мардымды нәтиже бермеді.Топан суға қатысты аңыздың жүлгесі болмаса, деректі қайдан аларсың. Қазығұртта кеменің қайраңдағаны туралы сандаған жыр-аңыздар, топан судың тасқынының себеп-салдарлары жөнінде әпсана ғасырлар өтсе де бізге жетіп отыр. Яғни, бұдан белгілі бір қорытынды жасауға болады. Қазығұрттың жоталарына түскен жан-жануарлардың аяғы тиіп басқан жерлері қасиетті саналып – Ойсыл қара, Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба аттары Қазығұрт өңірімен астасып жатыр. Қазығұрттың «Қазық жұртқа» жақындығына көңіл бөлсек те талай ойға қаламыз. Басқаша айтқанда Қазығұрт адамзаттың орасан апаттан кейін қазық қаққан жұрты болып шығады. Оған жанаса тұрған жерге арғы бабаларымыздың Ілінгір деп ат қоюында да үлкен мән бар. Нұх пайғамбар кемесінің ілінгірі сол жерге түскен...

Аңыз бойынша Нұх кемесі Қазығұртқа келіп қайырлағанда күн мен түннің теңескен мезгілі екен деседі. Сол сәтте пайғамбар да мерейленіп, қолдағы асын кемедегі тіршілік иелеріне үлестіріп берген екен.

Пайғамбар кемесінің Қазығұртта тоқтағанына сол өңірдегі жер атаулары да нақты дәлел бола алады. "Пайғамбар тоқтаған", "Пайғамбар саусағы", "Нұх пайғамбардың мешіті", "Әбрахмат бұлағы", "Ғайып ерен, қырық шілтен", "Ата тас пен Ана тас", "Ақбура ата", "Көзді ата", "Кеме қалған" тағы басқа әулиелі жерлер, үш жүзден астам бұлақ, бірнеше үңгір бар. Қазығұртты ежелгі табиғат тылсымдарының ғажайып куәгері деуге болады. Қазығұрттың биігінде ғалымдардың зерттеуі бойынша энергия ағыны мен ерекше аура байқалатыны дәлелденген.

Қазақтың асқақ рухының шыңы, ұлтымыздың береке-бірлігінің ұйытқысы болған Қазығұрттың қазіргі хал-жағдайы қандай? Оның әлемге танылар мүмкіндігі бар ма?

Шымкент – Ташкент күрежолының бойындағы Қазығұрт жотасына қойылған Нұх кемесінің символдық макеті осынау аты аңызға айналған киелі жердің қадір-қасиетін айшықты ашып беретін толымды туынды. Кезінде облысты басқарған азамат Болат Жылқышиевтің бастамасымен ірге көтерген пайғамбар кемесі осында туристерді тартудың, ел азаматтарын рухтандырудың алғашқы баспалдағы іспеттес болды. Бұл ескерткіш жалпы қазаққа тағы да бір рухани тірек болғандай. Қазақтың отансүйгіштік қасиеттерін көтеретін "Қазығұрт адамзаттың алтын бесігі" жазуымен қатар тау бетінде "Қазығұрт Қазақтың асқақ рухының шыңы" деген жазу пайда болды.

Таулы ауылдар берекеге толы жер, таза ауа, тұнық өзендер, жанға жағымды домбыра үні, бұрқыраған қымыз иісі – мұның барлығы біздің үйіміз. Бұлар біздің ешқашан жоғалмас мәңгілік салт-дәстүрлеріміздің бесігі.

Енді кемеге байланысты үш сөзге көңіл бұрайық. Кеме гофер деген ағаштан жасалыпты. Мұның астарынан көпір сөзінің (ағаш көпір) түпкі тегі қылаң береді. Нұх пайғамбар «су қайтқан жер бар ма екен» деп қарғаны барлауға жібереді. Қарға су қайтқан бір жердегі өлексені жеп қайтпай қояды. Қазақша айтқанда, бұл құс қарғалған құс болып тұр. Сосын Нұх пайғамбар көгершінді жібереді. Көгершін жер бетіне шығып бір көктеп тұрған ағаштың (зәйтүн ағашының) жапырағын аузына тістеп алып келеді. Сөйтіп жапырақ тістеген көгершін әлем халықтарында бейбітшіліктің белгісі болып қалғаны белгілі. Осы жерде көгершін сөзінің шығу тегі менмұндалайды. Көгершін көк (көгерген, көгеріп көрінген) жапырақты алып келген құс. Шін, үндестік заңы бойынша шын жұрнағымен жасалған құс атаулары түркі тілінде кездеседі – қазақ тілінде: лашын (құс), қырғыз тілінде: барчын (бүркіттер тобындағы құс). Сөз орайы келгенде қосымшалап қояйық, «Алпамыс» жырындағы Алпамыстың жары Гүлбаршынның баршыны осы құс. Ана тіліміздегі осындай сөздер қазақ тілінің көне замандардан бері келе жатқан байырғы тіл екендігін айғақтап тұр.

Жалпылай келе Қазығұрт тауының адам сенгісіз тылсым сырларын айтып тауысу мүмкін емес. Сондықтан да бұл өлке жайлы аңыз-әңгімелер ғасырдан-ғасырға жетіп, ел аузында жатталып қалған. Орталық Азия халықтары үшін киелі атанған Қазығұрт тауының бізге беймәлім тұстары, ашылмаған сырлары әлі де көп. Сондықтан да, адамзаттың тал бесігі атанған бұл мекен Оңтүстік өңірдің туризм орталығына айналуы тиіс.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ «Техникалық мамандықтар бойынша шет тілі» кафедрасы С.С.Қалауова, М.С.Байдабекова, Г.А.Қошқарова**

**Меншік иесі:** Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.**

**Редакциялық кеңес:**
**Қожамжарова Дария Пернешқызы** - М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор
**Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич** - бірінші проректор
**Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы** - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

Журналист, корреспондент: **Пернебек Манасбек**
Дизайнер: **Наиля Заббарова**

**Редакция мекенжайы:**
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
**gazeta@auezov.edu.kz**